

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы « 14 » шілдедегі
№ 615 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан
Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларында:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қаһармандық пен ерлік танытқан, мемлекет Тәуелсіздігін нығайтуға ерен үлес қосқан тұлғалардың есімдерін беру жағдайларын қоспағанда, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің және Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастық алдында еңбек сіңірген басқа да жеке адамдардың есімдерін қайтыс болған күнінен бастап кемінде бес жыл өткен соң беру;»;

3-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) орталық мемлекеттік органдардың, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының өтінішхаты:

2) орталық мемлекеттік органдардың қарамағындағы объектілерді қоспағанда, объектілерге атау беру және олардың атауын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке

адамдардың есімдерін беру туралы астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімі;»;

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде Комиссия қорытындыларын орталық мемлекеттік органдарға, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

7. Комиссияның оң қорытындысын алған жағдайда орталық мемлекеттік органдар, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметіне объектілерге атау беру жөніндегі қаулы жобасын Комиссия қорытындысымен қоса енгізеді.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Комиссияның оң қорытындысын алған жағдайда орталық мемлекеттік органдар, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары өз өкілеттіктері шегінде Комиссия қорытындысының негізінде мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атау беру, олардың атауын өзгерту, атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және оларға адамдардың есімдерін беру туралы шешім қабылдайды.».

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларында:

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Заңы;».

3. «Бірлескен құпия жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы № 743 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірлескен құпия жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді беру қағидаларында:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіліп, орындаушының толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы не жеке сәйкестендіру нөмірі, жұмыс (оқу) орны, атқаратын лауазымы мен тұрғылықты жері, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты берген орган

көрсетіліп, Қазақстан Республикасы азаматының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);»;

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олармен үлестес заңды (жеке) тұлғаларға қатысты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің;».

4. «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 ақпандағы № 222 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру қағидалары осы өзгерістер мен толықтыруларға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларында:

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына осы Қағидалардың ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауапкершілік жүктеледі.»;

көрсетілген қағидаларға 1 және 2-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

6. «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ережеде:

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер Министрлікке заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.»;

13-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының Егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастарындағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды қамтамасыз ету;»;

14-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпия мәліметтерді жария етуге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен жеке тұлғалардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажет ақпаратты сұрату және алу;»;

15-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастары мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтайына және Үкіметіне ұсыныстар мен ұсынымдар беру;»;

59) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«59) Қазақстан Республикасының Құрылтайы ратификациялаған, күшіне енген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын Қазақстан Республикасы Құрылтайының ресми басылымдарында жариялау үшін ұсыну;»;

167) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«167) шетелде Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарынан, Қазақстан Республикасының визаларын алу кезінде шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардан дактилоскопиялық ақпарат жинау және өңдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;».

7. «Әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі № 787 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару ережесінде:

3-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

8. «Судьяға қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіптік ауруға шалдыққан) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі № 336 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Судьяға қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия

алған, кәсіптік ауруға шалдыққан) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларында:

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия судьяның қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мертіккенін (жарақаттанғанын, жараланғанын, контузия алғанын, кәсіптік ауруға шалдыққанын) немесе қаза табу (қайтыс болу) фактісін растайтын қорытынды қабылдаған сәттен бастап сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның немесе оның астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшесінің кадр қызметі (бұдан әрі – кадр қызметі) күнтізбелік 7 күн ішінде біржолғы өтемақы алуға құқығы бар тұлғаларды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес біржолғы өтемақы төлеуге өтініш (бұдан әрі – өтініш) беріп, мынадай құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы жазбаша хабардар етеді:»;

6-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті соттың судьясы мертіккен немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшесінің тиісті басшысына ұсынады.».

9. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) тәртібін айқындайды.»;

2-тармақта:

1), 2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Президенті Резиденциясының, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті және басқа да соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік ұйымдардың ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы елшіліктерінің, халықаралық ұйымдардағы тұрақты өкілдіктерінің, сауда өкілдіктерінің, шетелдегі басқа да ресми мекемелерінің, шетелдегі мекемелерінің басшылары резиденцияларының ғимараттарында және болатын мемлекеттің протоколдық практикасына сәйкес көлік құралдарында – ұдайы;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасының, Премьер-Министрінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Конституциялық Сот Төрағасының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының және жергілікті және басқа да соттарының төрағаларының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының, Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері басшыларының, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басшыларының, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері басшыларының кабинеттерінде – ұдайы;

3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырысы, Қазақстан Республикасы Құрылтайының, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің үйлестіру және жұмыс органдарының отырыстары өтетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының отырыс залдарында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттарының сот отырысы залдарында, орталық, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың алқа отырысы залдарында, Қазақстан

Республикасының мемлекеттік және үкіметтік наградалары тапсырылатын залдарда, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің қабылдау залдарында, сондай-ақ бала тууды және некені тіркейтін үй-жайларда – ұдайы;»;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) егер халықаралық құқық нормалары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген болса, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен халықаралық форумдар өтетін ғимараттарда немесе үй-жайларда;

6) ресми тұлғалар ретінде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мінген теңіз кемелерінде, ішкі жүзу кемелерінде және басқа да қозғалыс құралдарында;»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Осы Қағидалардың 2-тармағы 6) тармақшасында көрсетілген ресми тұлғалар ретінде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мінген қозғалыс құралдарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы тұтұғырдан (мачтада) көтеріледі.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы міндетті түрде:

1) Қазақстан Республикасының Президенті Резиденциясының, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті және басқа да соттарының, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар құрамаларының әскери бөлімдерінің, бөлімшелері мен мекемелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы елшіліктерінің, халықаралық ұйымдардағы тұрақты өкілдіктерінің, сауда өкілдіктерінің, шетелдегі басқа да ресми мекемелерінің, шетелдегі мекемелерінің басшылары резиденцияларының ғимараттарында – ұдайы;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасының, Премьер-Министрдің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Конституциялық Сот Төрағасының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының және жергілікті және басқа да соттар төрағаларының, Орталық сайлау

комиссиясы Төрағасының, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері басшыларының, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басшыларының, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері басшыларының кабинеттерінде – ұдайы;

3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырысы, Қазақстан Республикасы Құрылтайының, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің үйлестіру және жұмыс органдарының отырыстары өтетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының отырыс залдарында, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттарының сот отырысы залдарында, орталық, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың алқа отырыстары залдарында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкіметтік наградалары тапсырылатын залдарда, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің қабылдау залдарында, сондай-ақ бала тууды және некені тіркейтін үй-жайларда – ұдайы;

4) мемлекеттік заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын өзге де акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік нышандарға арналған экспозиция үшін бөлінген үй-жайларында (үй-жайларының бір бөлігінде) тұрады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарына арналған экспозиция үшін бөлінген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналастырылатын үй-жайлар (үй-жайлардың бөлігі) әсем безендірілуге және шаруашылық-тұрмыстық бөлмелерден, кіре берістен және киім ілетін бөлмелерден алыс орналасуға тиіс.»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының, Мемлекеттік Елтаңбасының бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) тәртібі»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының бейнесі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің веб-сайттарында;

2) Қазақстан Республикасының әуе кемелерінде, сондай-ақ ғарыш аппараттарында міндетті түрде орналастырылады.»;

26-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Құрылтайының, оның аппаратының, Қазақстан Республикасының Құрылтайы бюросының, Үкіметтің және Үкімет Аппаратының, Қазақстан Халық Кеңесінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, жергілікті және басқа да соттарының, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар құрамаларының, әскери бөлімдерінің, бөлімшелері мен мекемелерінің, жергілікті өкілді, атқарушы органдардың және өзге де мемлекеттік ұйымдардың мөрлері мен құжаттарының бланкілерінде;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Құрылтайының, Үкіметінің, Конституциялық Сотының және Жоғарғы Сотының ресми басылымдарында;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің веб-сайттарында орналастырылады.»;

29-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

34-1 және 34-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«34-1. Мемлекеттік заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын өзге де акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік нышандарға арналған экспозиция үшін бөлінген үй-жайларында (үй-жайларының бөлігінде) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтіні міндетті түрде орналастырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарына арналған экспозиция үшін бөлінген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтіні орналастырылатын үй-жайлар (үй-жайлардың бөлігі) әсем безендірілуге және шаруашылық-тұрмыстық бөлмелерден, кіре берістен және киім ілетін бөлмелерден алыс орналасуға тиіс.

34-2. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрамаларында, әскери бөлімдерінде, бөлімшелерінде, мекемелерінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындау және оның мәтінін пайдалану тәртібі жалпы әскери жарғыларда айқындалады.»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының, Мемлекеттік Елтаңбасының бейнелері мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтінін стенділерге (плакаттарға) орналастырған кезде мемлекеттік рәміздердің бейнелері бір деңгейде орналасуға, сондай-ақ олардың орналасу реті сақталуға тиіс: Ту, Елтаңба, Әнұран.».

10. «Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға тұрғын үй-жайлар беру, материалдық залалды өтеу, қажетті көмек беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі № 860 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға тұрғын үй-жайлар беру, материалдық залалды өтеу, қажетті көмек беру ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздерін күштеп өзгертуге ұмтылыс жасауға; террористік актілерге; билікті күштеп қолына алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті күштеп ұстауға бағытталған іс-қимылдарға; қарулы қақтығысты күштеп таңу мақсатында басқа мемлекеттер тарапынан болатын арандатушылық іс-қимылдарға; Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзуға; жаппай тәртіпсіздікке, этносаралық және конфессияаралық қақтығыстарға; жекелеген жерлерді, экстремистік топтармен бірге аса маңызды объектілерді блокадалауға немесе басып алуға; заңсыз қарулы құралымдарды дайындауға және олардың қызметіне қатысқан адамдарға қолданылмайды.».

11. «Қайтыс болған немесе қаза тапқан судьялар мен судья қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін біржолғы ақшалай өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 156 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қайтыс болған немесе қаза тапқан судьялар мен судья қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін біржолғы ақшалай өтемақы төлеу қағидаларында:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өтемақы алуға құқығы бар тұлғалар оны алу үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы немесе оның судьясы қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткер қаза тапқанда (қайтыс болғанда) сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның кадр қызметіне, жергілікті немесе басқа соттың судьясы қаза тапқанда (қайтыс болғанда) немесе

оның судьясы қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткер қаза тапқанда (қайтыс болғанда) сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметіне (бұдан әрі – кадр қызметі) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінішпен жүгініп, мынадай құжаттарды ұсынады:»;

4-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті немесе басқа соттың судьясы қаза тапқан (қайтыс болған) немесе жергілікті немесе басқа соттың судьясы қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткер қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшесінің тиісті басшысына ұсынады.».

12. «Босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 183 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату қағидаларында:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

босқын – нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетел азаматы немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам;

босқын куәлігі – босқынның жеке басын куәландыратын және мәртебесін растайтын құжат;

жол жүру құжаты – босқын мәртебесі берілген адамға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде жүріп-тұру үшін берілетін құжат;

пана іздеген адам – босқын мәртебесін беру туралы өтінішхаты бойынша астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасында пана сұрауға ниет білдірген шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам;

пана іздеген адамның куәлігі – босқын мәртебесін беру туралы өтінішхаттың тіркелгенін растайтын, астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы беретін құжат;

уәкілетті орган – босқындар мәселелері бойынша қатынастарды реттеу саласында басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы.

3. Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) босқын мәртебесін беру туралы шешімді осы адамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өтуі шартымен босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат тіркелген күннен бастап үш ай ішінде қабылдайды.

Шешім қабылдау үшін қосымша тексеру қажет болған жағдайларда түпкілікті шешім шығару бір жылдан аспайтын мерзімге кейінге қалдырылады, бұл туралы тиісті шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде пана іздеп жүрген адамға хабарланады.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Босқын мәртебесін беруден бас тартылған пана іздеген адамдар мен олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ босқын мәртебесін жоғалтқан немесе босқын мәртебесінен айрылған адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу уақыты Қазақстан Республикасының шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылатын заңнамасымен реттеледі.».

13. «Қазақстан Республикасының Данқ Кітабы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 маусымдағы № 538 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Данқ Кітабының сипаттамасы осы өзгерістер мен толықтыруларға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

14. «Әуе көлігімен тасымалданатын, оларға қатысты қарап тексеру жүргізілмейтін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының арнайы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1509 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген әуе көлігімен тасымалданатын, оларға қатысты қарап тексеру жүргізілмейтін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының арнайы тізбесінде:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасының Вице-Президенті»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы»;

4-тармақ алып тасталсын:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы».

15. «Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1511 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасында:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Авиамаршруттар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімі негізінде жүзеге асырылатын ішкі тұрақты тасымал, сондай-ақ астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының шешімі негізінде жүзеге асырылатын, авиамаршруттың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін тасымал бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті бюджеттен субсидиялауға ұсынылатын авиамаршруттарды іріктеуді астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құратын комиссия (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органның комиссиясы) жүзеге асырады.»;

5-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті бюджеттен субсидиялауға ұсынылатын авиамаршруттардың тізбесіне астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының шешімдерімен айқындалған, кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін және бір облыс шегінде шалғай елді мекендермен байланысты қамтамасыз ететін авиамаршруттар қосылады.»;

тұрақты авиамаршруттарды бюджеттік субсидиялау шартына қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

16. «Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымында болған лауазымды адамдарға ақшалай өтемақыны төлеу және айырманы өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 мамырдағы № 474 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымында болған лауазымды адамдарға ақшалай өтемақыны төлеу және айырманы өтеу қағидаларында:

13-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сақтандыру полисі мен сақтандыру шартының (бар болса) көшірмелері, жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда көрсетілген медициналық қызметтердің көлемі туралы ақпарат қамтылған халықаралық ұйымның анықтамасы немесе медициналық көрсетілетін қызметтердің ақы төленбейтін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі бойынша және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде алынғанын растайтын өзге де құжаттар»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

17. «Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларында:

2-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;».

18. «Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның астанадағы, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы филиалдары;».

19. «Қазақстан Республикасының әуежайларындағы арнайы бөлінген залдарда қызмет көрсетілетін адамдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № 625 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуежайларындағы арнайы бөлінген залдарда қызмет көрсетілетін адамдардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

«1-2. Вице-Президент»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Құрылтай Төрағасы»;

4-тармақ алып тасталсын:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы»;

29, 30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері

30. Құрылтай комитеттерінің төрағалары

31. Құрылтай депутаттары»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Құрылтай, Конституциялық Сот аппараттарының басшылары»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті, Премьер-Министрі, Құрылтай Төрағасы, Премьер-Министрінің орынбасарлары, Құрылтай Төрағасының орынбасарлары, Сыртқы істер министрі және Үкіметінің өзге де мүшелері басшылық ететін Қазақстан Республикасы делегацияларының мүшелері».

20. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Аппаратына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына – Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісі негізінде;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Іссапарға жіберілген адамдарға Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Аппараты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдары қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген лауазымдық айлықақылар, сондай-ақ арнаулы атағы (сыныптық шені) бойынша қолданыстағы заңнамада белгіленген айлықақылар (қосымша ақылар) төленеді.

Бұл ретте іссапарға жіберілген адамдардың лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін мемлекеттік қызмет өтілін есептеу Қазақстан Республикасының тиісті құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің кадр қызметі ұсынатын анықтама негізінде жүзеге асырылады.

Іссапарға жіберілген адамдарға лауазымдық айлықақы, сауықтыруға жәрдемақы мен сыйлықақы төлеу Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Аппаратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

Іссапарға жіберілген адамдарға сыйлықақы беру Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасының

Құрылтайы Аппаратының, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының қызметкерлері үшін айқындалған тәртіппен лауазымдық айлықақы негізге алына отырып жүзеге асырылады.»;

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Іссапарға жіберілген адамдарды көтермелеу және тәртіптік жауаптылыққа тарту Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Аппаратының, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен осы мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өкілеттіктері шегінде жүргізіледі.

10. Іссапарға жіберілген адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген адамдар үшін олардың Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Аппаратында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратында және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарында атқаратын лауазымдары бойынша лауазымдық айлықақылары, ал халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген адамдар үшін іссапарға жіберілгенге дейін атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақылары есепке алынады.».

21. «Қазақстан Республикасының аумағында ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1296 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларда:

4-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) қауіпті жүктер – әрбір адамның өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігіне және мүлігіне немесе қоршаған ортаға қатер төндіретін, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) әуе көлігімен қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарында анықталған тізбеде көрсетілген өнімдер немесе заттар;»;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, ұйымдар ӘК-ні іздестіру мен құтқаруды жүргізу кезінде қолдан келетін кез келген көмекті көрсетеді және іздестіру-құтқару күштері мен құралдары келгенге дейін адамдарды құтқару, оларға медициналық және басқа да көмек көрсету, сондай-ақ ӘК мен оның бортындағы құжаттаманы, жабдықтар мен мүлікті қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдайды.»;

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«85. Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, жеке және заңды тұлғалар ӘК-нің апатқа ұшырауы жөнінде өздеріне белгілі болған барлық жағдайлар туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға немесе жақын маңдағы әуесайлаққа дереу хабарлайды.».

22. «Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларында:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жиын пункті – облыстың (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әкімшілік аумағы шегінде құрылатын, әскерге шақырылушыларды бақылау мақсатындағы медициналық қарап-тексеру жүргізуге, әскери командалар құруға және оларды әскери бөлімдерге (мекемелерге) әскери қызмет өткеретін жерлеріне жіберуді ұйымдастыруға арналған жиын пункті;»;

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу үшін облыстарда (астанада немесе республикалық маңызы бар қалаларда) және аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша Заңның 28-бабында айқындалған құрамда әскерге шақыру комиссиялары құрылады. Әскерге шақыру комиссияларының тағайындалған мүшелерінің бірі сырқаттанып қалған немесе басқа да дәлелді себептермен болмай қалатын жағдайларға тиісті жергілікті атқарушы органдардың шешімімен әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы айқындалып бекітіледі. Жергілікті әскери басқару органдары бірнеше әкімшілік ауданға қызмет көрсететін болса, әскерге шақыру комиссиялары әрбір ауданда тиісті аудан әкімі орынбасарының төрағалық етуімен құрылады.

20. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы комиссияның тиісті жұмысын қамтамасыз етеді және оның жұмысы басталғанға дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы бекітетін үлгілік ережеге сәйкес оның мүшелерінің міндеттерін айқындайды.»;

22-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімі»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссияларының «Әскери қызметке шақырудан босатылсын» және «Әскери

міндетті атқарудан босатылсын» деген шешімдерін облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы қабылданған шешімдердің дұрыстығы тұрғысынан тексеруге тиіс.

Тексеру үшін қорғаныс істері басқармаларының (бөлімдерінің) лауазымды адамдары облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясына медициналық қарап-тексеру нәтижесімен қоса есепке алу картасы мен медициналық куәландыру картасын береді.

Құжаттарды тексеру нәтижесі бойынша облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) медициналық комиссия медициналық куәландыру картасына жүргізілген тексеру туралы тиісті белгі жасап, шешіммен келісу не қайта куәландыруға жіберу туралы тұжырым береді. Медициналық комиссияның тексеру нәтижесін облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы қарайды.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының әскери қызметке шақырудан босату туралы шешімінің дұрыстығын тексеру нәтижесі осы Қағидалардың 34-тармағында көзделген тәртіппен ресімделеді.»;

33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Облыстық (астана немесе республикалық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы:

комиссияның тиісті жұмысын қамтамасыз етеді және оның жұмысы басталғанға дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы бекітетін үлгілік ережеге сәйкес оның мүшелерінің міндеттерін айқындайды;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының ісіне басшылық етеді және оны бақылауды, азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың және одан босатудың, азаматтардың шағымы мен жолданымын қараудың дұрыстығын тексеруді ұйымдастырады.

34. Облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы бақылау мақсатында медициналық қарап-тексеру нәтижесі бойынша:

1) жарамдылық дәрежесін «Әскери қызметке жарамды» немесе «Әскери қызметке елеусіз шектеумен жарамды» деп айқындап, «Әскери қызметке шақыруға жатады»;

2) жарамдылық дәрежесін «Әскери қызметке уақытша жарамсыз» деп айқындап, «Әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылсын»;

3) жарамдылық дәрежесін «Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды» деп айқындап, «Әскери қызметке шақырудан босатылсын»;

4) жарамдылық дәрежесін «Әскери есептен шығару, әскери қызметке жарамсыз» деп айқындап, «Әскери міндетті атқарудан босатылсын» деген шешімдердің бірін қабылдайды.

Облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының әскери қызметке шақырудан босату туралы шешімінің дұрыс еместігін анықтағанда оның күшін жою туралы шешім қабылдайды.

Облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы бақылау мақсатында медициналық қарап-тексеру нәтижесі бойынша қабылдайтын шешімдерден осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырыс хаттамасы ҚР ҚМ АЖ-да электрондық түрде жасалады. Отырыс хаттамасына бір күн бойы қаралған әскерге шақырылушылар енгізіледі, ол комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

ҚР ҚМ АЖ болмағанда не техникалық істен шыққанда отырыс хаттамасы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстық (астана немесе республикалық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабында ресімделеді.

35. Облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы қабылдаған шешімді қайта қарау үшін:

- 1) прокурорлық қадағалаудың ден қою актісі;
- 2) сот шешімі;
- 3) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметші әскери ант қабылдағанға дейін денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған болса, оның әскери қызмет өткеруі көзделген құрылымның уәкілетті органы басшысының оған қатысты қабылдаған бұйрығы;
- 4) азаматтың қабылданған шешіммен келіспейтіні туралы шағымы;
- 5) азаматтың аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы қабылдаған шешіммен келіспейтіні туралы шағымы негіз болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша облыстық (астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы өз шешімінің күшін жояды және облыстық (астана немесе республикалық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабының 9-бағанына тиісті жазба енгізеді, сондай-ақ аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы шешімінің күшін жою туралы шешім шығарады.

Облыстық (астана немесе республикалық маңызы бар қала), аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен келіспеу туралы шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен қаралады.»;

36-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының және облыстық (астана немесе республикалық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешіміне сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыруға жатады деп танылған азаматтарды жиын пунктіне жеткізуге дайындау

кезінде қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) ҚР ҚМ АЖ-дан олардың есепке алу картасы басып шығарылады және ол мынадай материалдармен:»;

37-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Атаулы тізімнің бірінші және екінші данасы облыстың (астананың және республикалық маңызы бар қаланың) жиын пунктінде қалады, ал үшінші данасына команданы қабылдағаны туралы қорғаныс істері департаменті бастығы орынбасарының (әскерге шақыру жұмысы мәселесіне жетекшілік ететін) қолтаңбасы қойылып, қорғаныс істері басқармасына (бөліміне) қайтарылады.»;

39-тармақтың ескертпесінің үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Наркологиялық тестілеуде оң нәтиже болса, азамат облыстық (астана және республикалық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен наркологиялық диспансерге қосымша медициналық қарап-тексеруге жіберіледі.»;

70-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қарулы Күштер аумақтық әскерінің аумақтық органына жұмылдыру даярлығы, Қазақстан Республикасы аумақтық қорғанысының дайындығы жөніндегі іс-шаралар шеңберінде – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен келісу бойынша астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.»;

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«78. Әскери міндеттілерді сапалы іріктеуді ұйымдастыру үшін жергілікті әскери басқару органы:

әскери жиын облыс (астана, республикалық маңызы бар қала) аумағында өткізілгенде – қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері);

әскери жиынды облыс (астана, республикалық маңызы бар қала) аумағынан тыс жерде өткізілгенде – қорғаныс істері департаменттері жасақталатын әскери бөлімдермен (мекемелермен) өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырады.»;

85-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«85. Әскери жиын облыс (астана, республикалық маңызы бар қала) аумағында өткізілгенде әскери команда құру аяқталғаннан кейін әскери командаға қабылданған әскери міндеттілерге қатысты әскери жиынға шақыру туралы қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының бұйрығы ҚР ҚМ АЖ қолданылып шығарылады.»;

87-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«87. Әскери командаларды облыс (астана, республикалық маңызы бар қала) шегінен тыс оқу-жаттығу жиынына және арнайы жиынға жіберу жиын пунктін арқылы жүргізіледі.»;

89-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«89. Әскери жиын облыс (астана, республикалық маңызы бар қала) аумағынан тыс жерде өткізілгенде әскери пунктте әскери команда құру аяқталғаннан кейін әскери командаға қабылданған әскери міндеттілерге қатысты

қорғаныс істері департаменті бастығының әскери жиынға шақыру туралы бұйрығы ҚР ҚМ АЖ қолданылып шығарылады.»;

108-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«108. Облыс (астана немесе республикалық маңызы бар қала), аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы бұйрықты жергілікті әскери басқару органының бастықтары Қазақстан Республикасы Президентінің жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тиісті бұйрығы негізінде шығарады.

Жергілікті әскери басқару органы бастығының жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы бұйрығы тұрғындарға хабар тарату желісі, телевизия және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланылып жеткізіледі.»;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада:

Әскерге шақыру комиссиясының үлгілік ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әскерге шақыру комиссиясы (бұдан әрі – әскерге шақыру комиссиясы) – жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша азаматтарды әскери қызметке шақыру кезеңіне құрылатын және Президент жарлығына және Үкімет қаулысына сәйкес оны іске асыру үшін құрылатын уақытша алқалы орган.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әскерге шақыру комиссиясының құрамына мыналар кіреді:

1) комиссия төрағасы – ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы басшысының (әкімнің) орынбасары;

2) комиссия мүшелері:

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті әскери басқару органының бастығы;

ішкі істер органының тиісті аумақтық бөлімшесінің өкілі;

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тиісті жергілікті денсаулық сақтауды басқару органы бастығының (бас дәрігердің) орынбасары – медициналық комиссия төрағасы;

хатшы.

Әскерге шақыру комиссиясының құрамына өзге мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіруі де мүмкін.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Астананың, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың әскерге шақыру комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органы басшысының орынбасары енгізіледі.»;

8-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссиясының ісіне басшылық жасауды және оны бақылауды, азаматтарға әскерге шақыруды кейінге қалдырудың және одан босатудың дұрыс берілуін тексеруді, азаматтардың шағымы мен жолданымын қарауды (облыстық (астана немесе республикалық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы үшін) жүзеге асыруды ұйымдастырады;»;

көрсетілген Қағидаларға 11-қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

23. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1418 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жарғысында:

25-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

26-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акциялар пакеттері (қатысу үлестері) стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдар немесе Қазақстан Республикасының экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар ұйымдар банкрот болған кезде конкурстық массаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша сатып алудың басым құқығы;»;

110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«110. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда сот Қорды мәжбүрлі түрде таратуды жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар сотқа Қорды тарату туралы талап қоюы мүмкін.».

24. «Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының мүліктерін беру, өткізу, кәдеге жарату және есептен шығару, сондай-ақ жылжымайтын мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 16 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының мүліктерін беру, өткізу, кәдеге жарату және есептен шығару, сондай-ақ жылжымайтын мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларында:

62-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) егер мүліктен айырылудан келтірілген зиян сомасы сот органдары кінәлі тұлғадан өндіріп алынады деп айқындаған сомадан немесе заң бойынша кінәлі тұлғаға әкімшілік тәртіппен жүктеуге болатын сомадан асқан;»;

74-тармақтың екінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

25. «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларында:

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тұрғынжайды жекешелендіру – Заңға сәйкес жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды меншігіне сатып алуы;»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген бір тұрғынжайды ғана жекешелендіруге құқылы, мұның тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруге қатысы жоқ, бұл тетік Қазақстан Республикасы азаматының тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асыруынан бас тарту үшін негіз болмайды.

Негізгі жалдаушының отбасы мүшесінің бұрын жекешелендірілген тұрғынжайда елу пайыз немесе одан аз үлесінің болуы кейіннен оның мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асыруына кедергі болмайды.»;

25-тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

26. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 683 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

2-бөлімнің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) зерттеу рәсімдері және сұрақтардың мазмұны менің адамгершілік ар-намысыма және қадір-қасиетіме нұқсан келтірген жоқ және қорлаған жоқ;».

27. «Сот бойынша ақталған адамға, қылмыстық істі тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген мүліктік зиянды төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 1218 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сот бойынша ақталған адамға, қылмыстық істі тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген мүліктік зиянды төлеу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Адам қайтыс болған жағдайда мүліктік зиянды өтетіп алу құқығы белгіленген тәртіппен оның мұрагерлеріне, ал төлеу тоқтатып қойылған зейнетақылар мен жәрдемақыларды алуға қатысты отбасының асыраушысынан айрылуына байланысты жәрдемақымен қамтамасыз етілетін адамдар тобына жататын мүшелеріне өтеді.».

28. «Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1291 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Процестік әрекеттер хаттамасында не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 527-бабында көзделген талаптарға сәйкес жасалған хаттамада барлық алынатын нәрселер мен құжаттар, сол сияқты тізімделетін мүлік көрсетіледі. Нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың ауқымды мөлшері алынатын болса, міндетті түрде тізімдеме жасалады, ол хаттамаға қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады, онда нәрсенің нақты атауы, әрбір алынатын объектінің саны, өлшемі, салмағы, сериясы, нөмірі және басқа да айырым белгілері, олардың табылған жері мен уақыты көрсетіледі.

Егер объектіні бүтіндей алу мүмкіндігі болмаса, қылмыстық процесті жүргізетін орган істің мән-жайына қарай объектінің қылмыстық іске қатысты іздер (микроіздер) бар бөлігін алады. Бұл ретте қылмыстық процесті жүргізетін орган жәбірленушілер мен өзге адамдарға тиесілі заттардың бүлінуіне жол бермейді, ал мәжбүрлі бүлінген жағдайда бұл туралы тиісті хаттамада белгі жасайды және келтірілген зиянды өтеу шараларын қолданады.»;

18-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кітап құқық қорғау органы мен арнаулы мемлекеттік органның әрқайсысында жүргізіледі және оған жауапты адамдардың тәулік бойы қол жеткізуін қамтамасыз ететін жерде (кезекші бөлім, кеңсе) болады.»;

19-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Журнал соттың, құқық қорғау органы мен арнаулы мемлекеттік органның, сот сараптамасы органының әрқайсысында жүргізіледі және сақтау камерасында заттай дәлелдемелерді сақтау үшін жауапты адамда (бұдан әрі – сақтау үшін жауапты адам) болады.»;

29-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Сақтауға жауапты адам (немесе оны алмастыратын қызметкер) болмаған жағдайда сақтауға арналған үй-жайға кіру комиссиялы түрде (кемінде үш адамнан тұрады) ғана анықтау органы, құқық қорғау органы мен арнаулы мемлекеттік органның тергеу бөлімшесі бастығының, прокурордың, сот төрағасының, судьяның, сот сараптамасы органы басшысының рұқсатымен және солардың қатысуымен жүзеге асырылады, осы үй-жай кілттерінің телнұсқалары соларда сақталуға тиіс.»;

36-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Сотқа дейінгі іс жүргізу және сот талқылауы барысында алынған жаратын құрылғылар, атыс қаруы, қару-жарақ, оқ-дәрі, жарылғыш заттар зерттеулер жүргізілгеннен кейін құқық қорғау органы мен арнаулы мемлекеттік органның шаруашылық бөлімшелерінде ғана әскери бөлімшелердің немесе жергілікті атқарушы органдар белгілейтін тиісті кәсіпорындардың (ұйымдардың) арнайы жабдықталған үй-жайларында, қоймаларында (сақтау қоймаларында) сақталады.»;

41-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жердегі шетелдік банк мекемелерін олардың шоттарында шет мемлекеттердің ақша бірліктеріндегі және халықаралық есептік бірліктердегі қаражаттың бар-жоғы туралы банктік құжаттарды алу туралы және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс басқа кредиттік-қаржылық мекемелерді хабардар ету тәртібі тиісті халықаралық келісімдерде айқындалады.»;

51-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте өткізілетін тауарлар мен азық-түлік қылмыстық іске байланысты алынғаны құқық қорғау органы мен арнаулы мемлекеттік органның қызметкерлеріне алдын ала белгілі болса, олардың заттай дәлелдемелерді және басқа алынған заттар мен құндылықтарды өткізуге қатысуына, сондай-ақ сатып алуына жол берілмейді.»;

61-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Анықталған кемшіліктер туралы заттай дәлелдемелер түскен күні акт жасалады, оған сот төрағасы (судья), прокурор, құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның басшысы (осы органдардың тергеу бөлімшелерінің бастықтары), сот сараптамасы органының басшысы, кеңсе қызметкері және істі жеткізген адам қол қояды.»;

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«82. Сот актісі бойынша тиісті құқық қорғау органына және арнаулы мемлекеттік органға берілетін заттай дәлелдемелер ол жаққа қолмен апарып берілуге немесе пошта байланысымен жіберілуге тиіс. Улы, қатты әсер ететін,

жарылғыш заттарды, қаруды тасымалдау кезінде оларды тасымалдау үшін белгіленген қағидалар сақталуға тиіс. Ілеспе хаттың көшірмесі және мекеменің заттай дәлелдемелерді қабылдағаны туралы құжат іске тігіледі.»;

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«90. Улы заттар мен қатты әсер ететін заттарды жою денсаулық сақтау, қорғаныс органдары және басқа мемлекеттік органдар өкілінің, заттай дәлелдеме сақтауында тұрған жауапты адамның, кеңсе қызметкерінің және сот орындаушысының қатысуымен жүргізіледі.

Жою туралы акт екі данада жасалады, жойылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей актінің бір данасы іс материалдарына қосу үшін, екіншісі – сақтау үшін жауапты адамға жіберіледі.»;

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«94. Егер жойылуға немесе иесіне берілуге тиіс заттай дәлелдеме құқық қорғау органында және арнаулы мемлекеттік органда болса, сот осы органдарға үкімнің көшірмесін немесе үзіндісін жібереді. Ілеспе хатта оның заңды күшіне енетін күні көрсетіледі. Заттай дәлелдемелердің жойылғаны немесе иесіне қайтарылғаны туралы хабарлама жойылған немесе қайтарылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей сотқа жіберіледі.».

29. «Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында формальдылықты оңайлату мақсатында рәсімдерді белгілеуге жәрдемдесуге тиісті шаралар жиынтығын білдіретін халықаралық әуе тасымалдары кезіндегі формальдылықты оңайлату бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 243 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында формальдылықты оңайлату мақсатында рәсімдерді белгілеуге жәрдемдесуге тиісті шаралар жиынтығын білдіретін халықаралық әуе тасымалдары кезіндегі формальдылықты оңайлату бағдарламасында:

2-тармақтың 43) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«43) шетел азаматтары – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататынының дәлелдемелері бар тұлға;»;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Шетел азаматтарына кіру визалары талап етілетін болғанда Қазақстан Республикасына әуе көлігімен кірген жағдайда Қазақстан Республикасының сыртқы істер саласындағы уәкілетті органы мұндай визаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әуежайларда береді.».

30. «Отставкадағы судьяға өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 961 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Отставкадағы судьяға өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төлеу қағидаларында:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ай сайынғы өмір бойғы қамтылымды алушы – отставкадағы, оның ішінде Конституциялық заңның 35-бабының 1, 1-1 және 2-1-тармақтарына сәйкес 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін отставкаға шыққан, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен және сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға, оның астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – уәкілетті орган) өтініш берген судья;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа соттардың қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, астанада, облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық бөлімшелері бар мемлекеттік орган.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Қазақстан Республикасының заңдарда белгіленген тәртіппен судьяларға еңбекақы ақы төлеу мөлшері ұлғайтылғанда уәкілетті орган отставкадағы судьяға төленетін ай сайынғы өмір бойғы қамтылымды қайта есептеуді жүргізеді.»;

20-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

31. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1186 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу қазақстандық азаматтық біртектілікті, патриотизмді және жалпыұлттық бірлікті қалыптастырудың негізгі элементі болып табылады. Мереке «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына қол қойылған күнге орайластырылған.»;

6, 7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеуге арналған ресми және салтанатты рәсімдер, спорттық іс-шаралар Мемлекеттік Әнұран орындалып тұрғанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеруден және тігуден басталады, бұл ретте қатысушылар Мемлекеттік Туға қарап тұрады.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалғанда қатысушылар оны орнынан тұрып айтады (тыңдайды), бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтары оң қолын жүрек тұсына қояды.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын оркестр, хор, оркестр мен хор орындайды не ол өзге де вокалмен және аспаппен орындалады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдарын пайдалануға болады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын ықшамдап орындауға жол беріледі.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны бекітілген мәтіні мен музыкалық редакциясына дәлме-дәл сәйкестікпен мемлекеттік тілде орындалады.»;

10-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын бір мезетте орындау жөніндегі іс-шаралар;»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Жергілікті атқарушы органдар астанада, облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда), қаладағы аудандарда, аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде Мемлекеттік рәміздер күнін ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ оны ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.».

32. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына шетелдік жұмыскерлерді тарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1198 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына шетелдік жұмыскерлерді тарту қағидаларында:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының шетелдік жұмыскері – (бұдан әрі – шетелдік жұмыскер) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына еңбек шарты бойынша тартылған шетел азаматы.».

33. «Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшартта:

4-тарауға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

34-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының заңдарына ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық пен қоғамда адамгершілікті сақтауды қамтамасыз ету мақсатында енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.»;

көрсетілген модельдік келісімшартқа 1-қосымшаның орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесінде:

мына:

«

52	Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі	52.1	Жүктерді қоймаға қою және сақтау	52.10	Жүктерді қоймаға қою және сақтау
				52.21	Азаматтардың меншігі болып табылатын көлік құралдарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, құрлықтағы жол көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтер
		52.2	Тасымалдау кезіндегі қызметтің қосалқы түрлері	52.22	Су көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтер
				52.23	Әуе кеңістігін пайдалануды реттеуді қоспағанда, әуе көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтер
				52.24	Жүктерді көліктік өңдеу
				52.29	Басқа да ілеспе

					көрсетілетін қызметтер
--	--	--	--	--	------------------------

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

52	Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі	52.1	Жүктерді қоймаға қою және сақтау	52.10	Жүктерді қоймаға қою және сақтау
				52.21	Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі көлік құралдарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, құрлықтағы көлік саласындағы көрсетілетін қызметтер
		52.2	Тасымалдау кезіндегі қызметтің қосалқы түрлері	52.22	Су көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтер
				52.23	Әуе кеңістігін пайдалануды реттеуді қоспағанда, әуе көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтер
				52.24	Жүктерді көліктік өңдеу
				52.29	Басқа да ілеспе көрсетілетін қызметтер

»;

ескертпеде сегізінші жол мынадай редакцияда жазылсын:

«***** ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда орналасқан, 2019 жылғы қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген немесе астана мен республикалық маңызы бар қалалардан тыс жерлердегі жобаларды іске асыруға қатысты.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары арасынан консультанттар мен сарапшыларды тарту қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары қатарынан консультанттар мен сарапшылар жүргізілген сараптаманың нәтижелері үшін Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес жасалған шартта көзделген жағдайларда жауаптылықта болады.».

34. «Судьялыққа кандидаттардың полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 191 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Судьялыққа кандидаттардың полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

35. «Мерзімді баспа басылымдарының заңнамалық актілерді және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 762 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мерзімді баспа басылымдарының заңнамалық актілерді және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу қағидалары»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан

Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 37-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мерзімді баспа басылымдарының заңнамалық актілерді және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар ресми басылым болып табылатын Қазақстан Республикасы Құрылтайының Жаршысына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі актілерінің жинағына, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің хабаршысына» қолданылмайды.»;

3-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заң – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң, конституциялық заң, кодекс, шоғырландырылған заң, заң, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар уақытша қаулысы, Қазақстан Республикасы Құрылтайының қаулысы;

2) конкурс – заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын беру мақсатында мерзімді баспа басылымдарын айқындау тәсілі;»;

4-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Конкурс мынадай заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын беру мақсатында өткізіледі:»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасы Құрылтайының қаулылары;»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу тәртібі»;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығы берілетін мерзімді баспа басылымдарын келесі жылға айқындау мақсатында конкурс ұйымдастырушы ағымдағы жылғы қарашадан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялайды.

6. Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу туралы хабарландыру (бұдан әрі – хабарландыру) конкурс өткізілгенге дейін күнтізбелік отыз күн бұрын орналастырылады.

Хабарландыруда мынадай мәліметтер қамтылады:

конкурсты ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;

конкурс өткізілетін уақыт, күн және орын;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына арналған конкурсқа қатысуға өтінім (бұдан әрі – өтінім) қабылданатын, конкурс туралы қосымша ақпарат берілетін мерзім мен орын, сондай-ақ өтінімдері бар конверттер ашылатын орын, күн және уақыт;

тираж бен мерзімділік бойынша конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар;

өтінім жасау тіліне қойылатын талаптар.»;

10-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда конкурстық комиссия өтінімдер салынған конверттерді ашқаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушыларға немесе олардың өкілдеріне мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына арналған конкурсқа қатысуға өтінімді сәйкес келтіру қажеттігі туралы хабарламаны оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен немесе олардың электрондық мекенжайларына жібереді.»;

10-1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Конкурстық комиссия мүшелерінің өтінімдерді бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған мерзімді баспа басылымдарын конкурстық комиссия заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспа басылымдары ретінде айқындайды.»;

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Өтінімдерді ашқан күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспа басылымдарын айқындау конкурсы қорытындыларының хаттамасы ресімделеді.»;

14-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспа басылымдарының айқындалуы;»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Конкурс қорытындыларының хаттамасы негізінде мерзімді баспа басылымына заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығы бір жыл мерзімге беріледі.

Мерзімді баспа басылымына бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын беру туралы хабарлама-хат жіберіледі.»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу қағидаларына 1-қосымша»;

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурсқа қатысуға өтінім»;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Мерзімді баспа басылымдарының заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуына конкурс өткізу қағидаларына 2-қосымша»;

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңдарды және Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін ресми жариялау құқығын алуға мерзімді баспа басылымдарын айқындау үшін баллдық бағалау».

36. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларында:

4-тармақтың 17), 18), 19) және 20) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«17) Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 17 мамырдағы № 873 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидаларына (бұдан әрі – Заң жобаларын Қазақстан Республикасының Президентімен келісу ережелері) сәйкес заң жобасын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен (бұдан әрі – Президент Әкімшілігі) келісуді

18) заң жобасын Президент Әкімшілігімен, Үкімет Аппаратымен келіскеннен кейін олар Қазақстан Республикасының Құрылтайының қарауына енгізілгенге дейін заң жобасына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізуді;

19) заң жобасын Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізуді;

20) заң жобасы Қазақстан Республикасының Құрылтайында қаралғанда оны таныстыруды және сүйемелдеуді;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Консультативтік құжатты, сондай-ақ заң жобасы бойынша және қабылданған заң бойынша ақпараттық сүйемелдеу мен түсіндіру бағдарламасын әзірлеу жөніндегі талаптар республикалық бюджет, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт, республикалық және облыстық бюджеттер, астана, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңдардың

жобаларына және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларына қолданылмайды.»;

8 және 9-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Консультативтік құжатты әзірлеу Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының халқына жолдаулары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жыл сайынғы жолдауының ережелері, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары, Үкімет шешімдері, нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингінің нәтижелері, заңнаманың тиімділігін талдау, Қазақстан Республикасының заңнамасын қоғамдық өмірдің тиісті салалары мен аяларында қолдану практикасы, қолданыстағы заңнаманың проблемалары бойынша өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, кеңестердің материалдары, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес ұйымдар ұсынатын материалдар, БАҚ-та қамтылған ақпарат ескеріле отырып жүзеге асырылады.

9. Консультативтік құжатты әзірлеу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады және мыналарды:

1) құқықтық реттеудің тиісті саласындағы қолданыстағы заңнамаға және практикаға талдау жүргізуді, қолданыстағы құқықтық тетіктер тиімділігінің жеткіліксіз болуының проблемалары мен себептерін (ондайлар болса) айқындауды, оның ішінде ұқсас қоғамдық қатынастарды реттейтін актілердің көп болуын анықтауды;

2) экономикалық, әлеуметтанушылық, статистикалық және өзге де қажетті ақпаратты зерделеуді, қорытуды және талдауды;

3) ұсынылатын шешімдерді қабылдаудың әлеуметтік, қаржы-экономикалық, экологиялық, құқықтық және өзге де салдарын (оң/теріс) зерттеуді және болжауды жүзеге асыруды, оның ішінде ықтимал әлеуметтік тәуекелдерді, сондай-ақ осындай шешімдерге байланысты белгілі бір саладағы қоғамдық қатынастарды дамыту үрдістері мен нұсқаларын талдауды;

4) халықаралық тәжірибені зерделеуді және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізуді;

5) заң жобасының қабылдануына байланысты қоғамдық қатынастардың реттелетін саласында келесі бес жылда қол жеткізілетін (нысаналы) индикаторларды, күтілетін нәтижелерді айқындауды қамтиды.

Заңды қабылдау қажеттігі туралы куәландыратын дәлелдердің баяндалуы нақты болуға, келеңсіз құбылыстар мен процестердің қолданыстағы заңнама тиімділігінің жеткіліксіз болуымен байланысын тиянақтап белгілеуге тиіс. Құқық қолдану практикасынан дәлел ретінде болған жағдайлардың қысқаша фабуласын, тұжырымдар мен ұсыныстарды көрсетіп, мысалдар келтіру қажет.

Ұсынылатын шешімдерді қабылдаудың әлеуметтік салдарын болжау кезінде олардың жалпы қоғамның дамуына да, оның жекелеген әлеуметтік

топтарына да, тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыруға ықпалы: халықтың білім деңгейіне және жұмыспен қамтылуына, қоғамның әлеуметтік құрылымына, денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігіне, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, азаматтық қоғам институттарын дамытуға әсеріне талдау жүргізіледі, әлеуметтік сипаттағы ықтимал тәуекелдер және басқа да салдары бағаланады.

Ұсынылатын шешімдерді қабылдаудың қаржы-экономикалық салдарын болжау кезінде оның қабылдануына байланысты:

1) гранттық қаржыландыру мен қарыз тартуды қоса алғанда, республикалық және жергілікті бюджеттердің тікелей және жанама кірістері мен шығыстары;

2) құқық қолданушылардың және заң нормаларын іске асырудың өзге субъектілерінің кірістері мен шығыстары;

3) өзге де шығыстар мен кірістер, сондай-ақ өзге экономикалық тиімділік (бәсекелестікті дамытуға ықпалы, кредиттік ресурстардың қолжетімділігі, жаңа жұмыс орындарының құрылуы және басқа да салдар) бағаланады.

Ұсынылатын шешімдерді қабылдаудың экологиялық салдарын болжау кезінде заңның қабылдануы нәтижесінде қоршаған ортаға әсер етудің бағыты, сипаты мен дәрежесі бағаланады.

Құқықтық салдарды болжау шеңберінде ұсынылатын шешімдердің белгілі бір саладағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің қолданыстағы тетігіне, оның ішінде құқықтар мен міндеттердің белгіленуіне, нақтылануына, құқықтық олқылықтарды жоюға, ақаулы, тиімсіз және декларативтік нормаларды алып тастауға болжамды әсері бағаланады.

Консультативтік құжатқа онда көрсетілген мәліметтердің негізділігі мен анықтығын көрсететін тиісті материалдар міндетті түрде қоса берілуге тиіс.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Консультативтік құжатты жария талқылау қорытындылары бойынша әзірлеуші заңнамалық өзгерістердің қажеттігі немесе қажет еместігі туралы шешім қабылдайды.

Заңды қабылдау қажеттігі туралы куәландыратын дәлелдердің баяндалуы нақты болуға, келеңсіз құбылыстар мен процестердің қолданыстағы заңнама тиімділігінің жеткіліксіз болуымен байланысын тиянақтап белгілеуге тиіс. Құқық қолдану практикасынан дәлел ретінде болған жағдайлардың қысқаша фабуласын, тұжырымдар мен ұсыныстарды көрсетіп, мысалдар келтіру қажет.»;

32-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) реттеу нысанасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабының 3-тармағына сәйкес келмейтін консультативтік құжаттарды мақұлдамайды.»;

35-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Заң жобасына Мемлекет басшысының елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан Республикасының халқына жолдаулары шеңберінде Қазақстан

Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ғана тұжырымдамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.»;

38-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Құрылтай депутаттары заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының жұмысына кез келген сатыда қатысуға құқылы.»;

41-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Республикалық бюджет, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт, республикалық және облыстық бюджеттер, астана, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заң жобасын және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын қоспағанда, әзірлеуші заң жобасын заң жобасы бойынша ғылыми құқықтық, экономикалық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және басқа сараптама жүргізуге жіберуді қамтамасыз етеді.»;

51-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заң жобасын Құрылтайға енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қолданыстағы заңдарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесімен бірге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баптардың қолданыстағы және ұсынылатын редакцияларының салыстырма кестесі қоса беріледі.

Бұл ретте негіздемелерде Комиссия отырысында мақұлданған консультативтік құжаттың нақты тармағына немесе ережесіне міндетті түрде сілтеме жасалады.»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) тиісті заңның қабылдануына байланысты өзгертілуге немесе күші жойылды деп танылуға тиіс заңдардың тізбесі;»;

52-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кодекстердің жобаларын қоспағанда, заңдардың жобаларын мемлекеттік органдар 5 (бес) жұмыс күні ішінде (Әділет министрлігі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде) келіседі.»;

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«61. Оңайлатылған тәртіппен әзірленетін заңдардың жобаларына консультативтік құжатты әзірлеу жөніндегі талаптар қолданылмайды.

Заң жобаларын дайындаудың оңайлатылған тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді және (немесе) Қазақстан Республикасының Конституциялық соты берген түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылған заң нормаларына қатысты қолданылады.»;

62-тармақтың 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«6) заң жобасын Құрылтайға енгізуді;

7) заңдардың жобаларын Құрылтайда қарау кезінде оларды ұсынуды және сүйемелдеуді қамтиды.»;

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді және (немесе) Қазақстан Конституциялық соты берген түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылған заңдардың нормаларына қатысты оңайлатылған тәртіппен әзірленетін заң жобасы Конституциялық Соттың шешімін іске асыруға бағытталған нормаларды ғана қамтуға тиіс.»;

64-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Құрылтай заңды қабылдағаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей әзірлеуші орган қабылданған заңды ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламасын бекітеді, ол Әділет министрлігімен және БАҚ саласындағы уәкілетті органмен міндетті түрде келісіледі.»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Заң жобасының құрылымы мен мазмұны (заңды әзірлеу қажеттігі туралы шешім қабылданған жағдайда).

(мәтін)»;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымшада:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Кейбір заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасына салыстырма кесте».

37. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспары (бұдан әрі – Ұлттық даму жоспары), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы (бұдан әрі – Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы) және мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарлары, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың (бұдан әрі – ұлттық компаниялар) даму жоспарлары жатады.»;

14-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Тиісті есептіліктің анықтамасы мен мазмұнын, есептік ақпаратты беру мерзімдерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) даму жоспарларын

әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу және түзету әдіснамасын стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.»;

36-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Ұлттық даму жоспарын іске асыру декомпозицияланған түйінді ұлттық индикаторларды көздейтін мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың даму жоспарларын, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдардың, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептердің негізінде Ұлттық даму жоспарын іске асыру туралы есептің жобасын қалыптастырып, оны Үкіметке ұсынады.»;

58-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығы, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың ревизиялық комиссиялары, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мәслихаттардың аппараттары мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлемейді.»;

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-тарау. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары»;

66, 67 және 68-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, даму жоспары Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарына сәйкес тиісті аумақтың дамуын оның ерекшелігі мен өңірдің даму әлеуетін ескере отырып айқындайды.

67. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарын астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті

атқарушы органы ең төменгі стандарттарды, елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін міндетті түрде қолдана отырып, өңірлік саясат жөніндегі уәкілетті органмен, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша әрбір үш жыл сайын бесжылдық кезеңге әзірлейді және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органының шешімімен бекітіледі.

68. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының нысаналы индикаторлары декомпозицияланған түйінді ұлттық индикаторлар мен Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарының индикаторларына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.»;

71-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарына ресми статистикалық ақпарат қалыптастырылмайтын және (немесе) орталық және салалық мемлекеттік органдар бекіткен есептеу әдістемелері жоқ нысаналы индикаторлар енгізілген жағдайда жергілікті атқарушы орган есептеу әдістемелерін әзірлеп, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен келісу бойынша бекітеді.»;

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«72. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарларына бюджет заңнамасының талаптары ескеріліп, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіпке және нысанға сәйкес әзірленген инвестициялық жоспарлар қоса беріледі.»;

74, 75, 76, 77 және 78-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«74. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын іске асыру инвестициялық жоспарды орындау арқылы жүзеге асырылады.

75. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын мониторингілеуді тиісті аумақтың бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарымен бірге тиісінше астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарына қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар ұсынатын іске асырылу барысы туралы ақпараттың негізінде және қоғамдық мониторинг қорытындыларын ескере отырып олардың іске асырылуы туралы есептерді қалыптастыру жолымен жүргізеді.

76. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары мен оның іске асырылуы туралы есеп заңнамада белгіленген тәртіппен жариялануға тиіс.

77. Жергілікті атқарушы органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспары мазмұнының дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы – астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарын әзірлеушіге жүктеледі.

78. Мына:

1) республикалық бюджет және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттары қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;

3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы әкімшілік-аумақтық құрылысы өзгерген;

4) Президенттің және (немесе) Үкіметтің тапсырмаларын іске асыру қажет болған;

5) салалық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның келісуі бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарына қатысты бөлігінде облыс әкімінің оң шешімі болған жағдайда астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.»;

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«94. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 350 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жоспарлау жүйесі қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспарлары және ұлттық жобалар, салаларды/аяларды дамыту тұжырымдамаларының мақсаттары мен міндеттері астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, ауданның (облыстық маңызы бар қала) даму жоспарларына интеграцияланады.».

38. «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларында:

3-тармақта:

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, мемлекеттік мекемелердің басшылары мен басшыларының орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдардың аппарат басшылары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің Бастығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары мен Жоғарғы Сотының судьялары үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормасы Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен және аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда және Ақмола облысы Бурабай ауданының Бурабай кентінде айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;»;

3) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Вице-Президентіне, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасына, Қазақстан Республикасы Құрылтайы Төрағасының орынбасарларына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарларына, Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасына, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысына, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілеріне, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысына, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің Бастығына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға теңестірілген тұлғаларға әуе көлігімен жол жүрген кезде «Бизнес» класты авиабилет құны бойынша;»;

7-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасының Құрылтайының Төрағасы, Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы, сондай-ақ олармен бірге жүретін адамдар (Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасының, Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасының жұбайлары), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері (күзетілетін тұлғамен бірге жүргенде) шетелге жол жүрген кезде шетелдік валютадағы көліктік шығыстар 1-класты авиабилет құны мөлшерінде өтеледі;

2) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Төрағасының орынбасары, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің Бастығы, Қазақстан Республикасының шетелдегі төтенше және өкілетті елшілері, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Құрылтайы Төрағасының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшілері, Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының орынбасары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдардың басшылары, орталық атқарушы органдардың басшылары, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері, Қазақстан Республикасы Құрылтайының тұрақты комитеттерінің төрағалары, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Басшысы, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын орталық мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдар басшыларының бірінші орынбасарлары және орынбасарлары, аппарат басшылары, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздердегі Қазақстан Республикасының арнайы өкілі, Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен (ЕҚЫҰ) ынтымақтастық мәселелері жөніндегі арнайы өкілі, Қазақстан Республикасынан Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (Еуропа Кеңесінің Венеция комиссиясы) мүшесі, Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілі, Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдар жанындағы өкілетті өкілі, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мүшелері қызмет бабындағы істер бойынша шетелге жол жүрген кезде көліктік шығыстар «Бизнес» класты авиабилет құны мөлшерінде шетелдік валютада өтеледі;»;

5) тармақшада:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары басшыларының бірінші орынбасарлары, орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдардың аппарат басшылары, астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздердегі Қазақстан Республикасының арнайы өкілі,

Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымымен (ЕҚЫҰ) ынтымақтастық мәселелері жөніндегі арнайы өкілі, Қазақстан Республикасынан Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (Еуропа Кеңесінің Венеция комиссиясы) мүшесі, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мүшелері үшін жартылай люкс сыныптамасындағы қонақүйдің бір орындық нөмірінің құны бойынша;»;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысымен, Қазақстан Республикасының Вице-Президентімен, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен, Қазақстан Республикасының Құрылтайының Төрағасымен, Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасымен бірге жүретін адамдар үшін іс жүзіндегі шығындар бойынша, оның ішінде броньдау бойынша шығыстар;»;

7-1) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

39. «Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің шығындарын өтеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы № 49 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызмет бабымен ауысқан және қызметтен шығарылған кезде арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жеке мүлкін тасымалдау шығындарын өтеу қағидаларында:

6-1-тармақтың үшінші бөлігіне орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

40. «Басымдығы бар халықаралық авиамаршруттар үшін авиациялық отынды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 675 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Басымдығы бар халықаралық авиамаршруттар үшін авиациялық отынды субсидиялау қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

Басымдығы бар халықаралық авиамаршруттар үшін авиациялық отынды бюджеттік субсидиялау шартына қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 2, 3, 4-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

41. «Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтарды және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларын және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтардың және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым

салынған аудандардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 9 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтарды және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларында:

2-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) есеп – соққы толқынының адамға, ғимаратқа және құрылысжайға әсері бойынша арақашықтықты, жарылғыш заттың массасын және жарықшақтардың шашырау көрсеткіштерін есептеу алгоритмі, оны мемлекеттік органдардың бірінші басыларымен және астананың, республикалық маңызы бар қалалардың және облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітеді.»;

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі жоспарды және схеманы алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды келісу үшін астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жолдайды.»;

9, 10 және 10-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары 10 (он) жұмыс күні ішінде әрбір сақтау орнына жарылғыш зат бойынша оқ-дәрінің сақталатын қорының соққы толқынының адамға, ғимаратқа және құрылысжайға әсер етуі бойынша арақашықтықтың есебі ескерілген жоспарды және схеманы келіседі және тыйым салынған аймақтың және тыйым салынған ауданның шекарасын бекіту туралы қаулы шығарады.

10. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы тыйым салынған аймақтардың және тыйым салынған аудандардың шекарасы келісілген сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде тыйым салынған аймақтардың және тыйым салынған аудандардың шекарасы туралы мәліметтерді мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорына енгізуді қамтамасыз етеді.

10-1. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы тыйым салынған аймақтардың және тыйым салынған аудандардың шекарасы туралы мәліметтерді мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорына енгізгеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде олардың шегінде орналасқан

жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бастама жасайды.».

42. «Бақылау-касса машинасын және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) қолданудағы бұзушылық фактілері туралы хабарлаған адамдарға осындай факт расталған жағдайда сыйақы беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 219 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бақылау-касса машинасын және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) қолданудағы бұзушылық фактілері туралы хабарлаған адамдарға осындай факт расталған жағдайда сыйақы беру қағидаларында:

3-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

43. «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережеде:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. _____ кәсіпкерлік субъектілерімен
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

_____ өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді
(мемлекеттік органның қысқаша атауы) орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынасқа түсуіне тыйым салынады.

Егер _____ заңдармен кіріс
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Құрылымдық бөлімшенің заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өз мақсаттарын іске асыру үшін қажетті құқықтары мен міндеттері болады.»;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. _____

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/аумақтық органының атауы) кәсіпкерлік субъектілерімен (мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/аумақтық органының атауы) өкілеттіктері

болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынасқа түсуіне тыйым салынады.

Егер _____

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/аумақтық органының атауы)

зандармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.».

44. «Қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өңдеу саласындағы жобаларды одан әрі қаржыландыру үшін дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының қаржыландыруы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 604 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өңдеу саласындағы жобаларды одан әрі қаржыландыру үшін дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының қаржыландыруы қағидаларында:

3-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

4-тармақтың екінші бөлігінде:

1) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3) тармақшаның жиырма бірінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

10-тармақтың 2), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тиісті жергілікті атқарушы органына осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жібереді;

3) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы тиісті жобаны іске асыру қажеттігі және тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу туралы хатты бес жұмыс күні ішінде қарайды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жібереді;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органынан осы Қағидалардың 10-тармағының 3) тармақшасында көзделген ақпаратты

алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде ұйымға жобаны іске асыру қажеттігін және оның қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға және айналыс саласындағы нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталғанын растайтын хат жібереді немесе дәлелді бас тартуды ұсынады.».

45. «Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 763 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларында:

25-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Автокөлік құралдарын бастапқы (мемлекеттік) тіркеуді жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеуді астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.»;

41-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41-2. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары оператордың сұрау салуы бойынша күнтізбелік 30 күн ішінде бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді, оның ішінде ақпараттық жүйелердің интеграциясы арқылы жібереді.»;

42-2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«42-2. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары операторға жіберетін мәліметтерде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының әр бірлігі бөлінісінде мынадай ақпарат қамтылады:».

46. «Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты (Өкілетті) өкілі лауазымын атқарған немесе Төтенше және Өкілетті Елші дипломаттық дәрежесі бар Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет ардагерлеріне ақшалай төлемді жүзеге асыру қағидаларын және мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 966 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты (Өкілетті) өкілі лауазымын атқарған немесе Төтенше және Өкілетті Елші дипломаттық дәрежесі бар Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет ардагерлеріне ақшалай төлемді жүзеге асыру қағидаларында және мөлшерінде:

3-тармақтың 3) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

47. «Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды айқындау және аукциондық бағаларды индекстеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 988 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды айқындау және аукциондық бағаларды индекстеу қағидаларында:

4-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

6-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

8-тармақтың үшінші және төртінші абзацтарында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

9-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

10-тармақтың үшінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

28-тармақтың бесінші және алтыншы абзацтарында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

48. «Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер енгізу, оның қолданысын тоқтату қағидаларын және инвестициялық міндеттемелер туралы келісімнің үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 312 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер енгізу, оның қолданысын тоқтату қағидаларында:

инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасауға өтініштің орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген инвестициялық міндеттемелер туралы келісімнің үлгілік нысанында:

2-тармақтың бірінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

4-тармақтың бірінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген инвестициялық міндеттемелер туралы келісімнің үлгілік нысанына 1-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

49. «Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларында:

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«72. «ҚБП» және (немесе) «Жасырын» белгілері бар, оның ішінде электрондық құжаттардың, «ҚБП» белгісі бар істердің құндылығына сараптама жүргізу, оның нәтижелерін қарау және бекіту Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.»;

көрсетілген қағидаларға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 2.5-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Қазақстан Республикасы, облыс (республикалық маңызы бар қала), қала және аудан бойынша қосалқы басқару пункттерінің (қалалық, қала сыртындағы) әзірлігі туралы жиынтық мәліметтер

реттік нөмірі 2.27-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Қазақстан Республикасы, облыс (республикалық маңызы бар қала), қала және аудан бойынша азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайлары мен мүлкінің әзірлігі туралы жиынтық мәліметтер

»;

реттік нөмірі 4.6-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Дінтану сараптамасының конституциялық құрылыстың негіздері, қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті бұзатын теріс қорытындылары. Деструктивті және радикалды діни идеологияны ұстанушыларды радикалды көзқарастан арылту және оңалту саласындағы мамандарды даярлау әдістері және (немесе) бағдарламасы

»;

реттік нөмірі 7.10-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Жедел-ізвестіру қызметінде, сондай-ақ ішкі істер органдары жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу кезінде пайдаланатын шартты атаулар жинақтарында қамтылған құпияландыруға жататын мәліметтер тізбесіне енгізілмеген құжаттар (мәліметтер).

Зандарда қолданылатын шартты атаулар жинақтарында қамтылған мәліметтер таратылуы шектелген санатқа кірмейді

».

50. «Мемлекеттік кәсіпорынды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамды, жауапкершілігі шектеулі серіктестікті арнайы құқық субъектісі ретінде айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 453 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамды, жауапкершілігі шектеулі серіктестікті арнайы құқық субъектісі ретінде айқындау қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Арнайы құқық субъектісін айқындау уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша жүзеге асырылады деп Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, арнайы құқық субъектісін айқындау Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Арнайы құқық субъектілерін айқындауды көздейтін құқықтық актілердің жобалары монополияға қарсы органмен міндетті түрде келісілуге тиіс.».

51. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 1024 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидаларында:

6-тармақтың 3) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

52. «Қызметтік міндеттерін (әскери қызмет міндеттерін) атқару кезінде мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан денсаулық жағдайы бойынша қызметтен шығарылған құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, арнаулы мемлекеттік органдардың курсанттарына, тыңдаушыларына, қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге ақшалай төлемді жүзеге асыру қағидалары мен мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 1047 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметтік міндеттерін (әскери қызмет міндеттерін) атқару кезінде мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан денсаулық жағдайы бойынша қызметтен шығарылған құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, арнаулы мемлекеттік органдардың курсанттарына,

тыңдаушыларына, қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге ақшалай төлемді жүзеге асыру қағидалары мен мөлшерінде:

4-тармақтың 3) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

53. «Қызметтік міндеттерін (әскери қызмет міндеттерін) атқару кезінде мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің, арнаулы мемлекеттік орган курсантының, тыңдаушысының, қызметкерінің, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген әскери қызметшінің, мерзімді қызмет әскери қызметшісінің, курсанттың, кадеттің, әскери жиынға шақырылған әскери міндеттінің, жауынгерлік даярлық бойынша сабақтарда немесе жиындарда, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болған кезеңде резервте әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне ақшалай төлемді жүзеге асыру қағидалары мен мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 1048 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметтік міндеттерін (әскери қызмет міндеттерін) атқару кезінде мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) құқық қорғау органы, азаматтық қорғау органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің, арнаулы мемлекеттік орган курсантының, тыңдаушысының, қызметкерінің, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген әскери қызметшінің, мерзімді қызмет әскери қызметшісінің, курсанттың, кадеттің, әскери жиынға шақырылған әскери міндеттінің, жауынгерлік даярлық бойынша сабақтарда немесе жиындарда, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болған кезеңде резервте әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне ақшалай төлемді жүзеге асыру қағидалары мен мөлшерінде:

4-тармақтың 6) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

54. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының Құрылтайында (бұдан әрі – Құрылтай) Үкіметтің мүддесін білдіруді және биліктің заң шығарушы тармағымен оның ұдайы өзара іс-қимыл жасасуын қамтамасыз етуді Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі жүзеге асырады.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Отырыстарда қарауға арналған мәселелердің тоқсан сайынғы тізбесін жоспарланатын тоқсанның алдындағы айдың 20-сы күнінен кешіктірмей Үкімет Аппаратына ұсынылатын Үкімет мүшелерінің ұсыныстары негізінде Премьер-

Министрмен және оның орынбасарларымен келісу бойынша Үкімет Аппаратының Басшысы бекітеді.

Үкімет Аппараты жоспарланған мәселелердің бекітілген тізбесін Үкімет мүшелеріне, астананың, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне және қажет болған кезде басқа да мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың басшыларына жібереді.»;

21-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Отырыстарға Үкімет Аппаратының шақыртуы бойынша Президент актілерімен осындай құқық берілген лауазымды тұлғалар, Құрылтайдың депутаттары, өңірлердің әкімдері, басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары, Үкімет Аппаратының қызметкерлері мен өзге де адамдар қатыса алады.»;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Үкімет қаулыларының және Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын (бұдан әрі – жобалар) әзірлеу Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдардың, Президент актілерінің және өзге де нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін жүзеге асырылады.»;

40-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Конституцияға, заңдарға, Президенттің, Үкіметтің және Премьер-Министрдің актілеріне сәйкестігі тұрғысынан заңдық сараптама жүргізуге жауапты Әділет министрлігімен;»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Жобаларды 5 (бес) жұмыс күні ішінде келісетін Әділет, Қаржы, Ұлттық экономика, ақпараттандыру және мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялауды салааралық үйлестіру саласындағы уәкілетті орган ретінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрліктерін қоспағанда, мемлекеттік органдар жобаларды (Құрылтайға заңдардың жобаларын енгізуді көздейтін Үкімет қаулыларынан басқа) 3 (үш) жұмыс күні ішінде келіседі. Халықаралық шартқа қол қою, оны бекіту, қабылдау мәселелері бойынша және оған қосылу туралы жобаларды Сыртқы істер министрлігі 5 (бес) жұмыс күні ішінде келіседі.

Жоба мемлекеттік органда 3 (үш) жұмыс күнінен (Әділет, Қаржы, Ұлттық экономика, Сыртқы істер, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрліктерінде 5 (бес) жұмыс күнінен) артық келісуде болған және ол бойынша жауап ұсынылмаған жағдайда мұндай жоба әдепкі қалпы бойынша «келісілді» деп саналады.

Қарыздар туралы халықаралық шарттарды ратификациялау және олардың күшін жою туралы заң жобаларын Құрылтайдың қарауына енгізу туралы қаулылардың жобаларын мемлекеттік органдар 3 (үш) жұмыс күні ішінде келіседі.

Кодекстердің жобаларын қоспағанда, заңдардың жобаларын мемлекеттік органдар 5 (бес) жұмыс күні (Әділет министрлігі 7 (жеті) жұмыс күні) ішінде келіседі. Қазақстан Республикасы кодекстерінің жобаларын мемлекеттік

органдар 7 (жеті) жұмыс күні (Әділет министрлігі 10 (он) жұмыс күні) ішінде келіседі.»;

52-тармақта:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) заң жобалары Үкімет қаулысының жобасымен Құрылтайдың қарауына енгізілетін жағдайларда келісу парағы. Бұл ретте қағаз жеткізгіштегі келісу парағына Әділет, Қаржы және Ұлттық экономика министрліктерінің бірінші басшылары немесе бірінші басшылардың шешімі бойынша олардың орынбасарлары қолтаңба қояды.

Президент актілерінің жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы қағаз және электронды түрде, Әділет министрлігінің, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары электрондық келісу парағында келіседі;»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Pdf форматында қалыптастырылатын келісу парақтарынан, ғылыми сараптамалардың нәтижелері бойынша қорытындылардан, өзге мемлекеттік органдардың қорытындыларынан, тапсырмалардан, мемлекеттік органның бірінші басшысының міндетін атқарушы тұлғаларға міндеттерді жүктеу туралы (беру туралы) бұйрықтардан басқа, заңдар, Президент актілері, Үкімет қаулылары, Премьер-Министр өкімдері жобаларының мазмұндық бөлігі docx форматында ғана қалыптастырылады және 6 файлдан аспауға тиіс. Өзге форматтарды пайдалануға, сондай-ақ құжаттың ұсынылатын электрондық нұсқаларын архивтеуге жол берілмейді.»;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55. Үкімет Аппараты жобаларды жұмыс күндері күн сайын сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін ЖКАЖ арқылы электрондық форматта, таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын жобаларды ЭҚЖ арқылы, электрондық форматта беру мүмкін болмаған кезде айрықша жағдайларда ғана қағаз түрінде қабылдайды. Мемлекеттік құпияларды қамтитын жобалар әр парағы дәйектеліп, келісу парағымен бірге қағаз жеткізгіштерде және электрондық жеткізгіште (CD-диск) сағат 9.00-ден бастап 17.00-ге дейін қабылданады.

Заңдардың жобалары жұмыс күндері күн сайын ЭҚЖ бойынша электрондық форматта және қағаз жеткізгіште сағ. 9.00 бастап 17.00 дейін қабылданады.»;

64-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Үкімет мүшелерінің дауыс беруі:

1) Үкімет қаулыларының жобалары;
2) Құрылтай депутаттары бастама жасаған заң жобалары бойынша Үкімет қорытындыларының жобалары;

3) Құрылтайдың қарауындағы заң жобалары бойынша Құрылтай депутаттарының түзетулеріне Үкімет қорытындыларының жобалары;

4) заңдардың жобаларын Құрылтайда қарау барысында бастама жасалатын түзетулер бойынша мемлекеттік органдардың келісілген ұстанымы бойынша жүргізіледі.»;

76, 77 және 78-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«76. Алдағы жылға арналған Жоспарды қалыптастыру Президенттің Жолдауы, Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен жыл сайынғы жолдаулары, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің Үкімет бекітетін құжаттары, Президенттің, Президент Әкімшілігінің, Премьер-Министр мен Үкіметтің шешімдерін және (немесе) тапсырмаларын іске асыру жөніндегі жоспар-графиктер, қабылдануы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген заңдардың, нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингінің нәтижелері ескеріліп жүзеге асырылады.

Президенттің, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министрдің тапсырмаларынан туындайтын заңдардың жобалары, сондай-ақ бастамашылық заңдардың жобалары міндетті түрде Жоспарға қосылады.

77. Алдағы жылға арналған Жоспардың жобасын жыл сайын 1 тамызға дейін мемлекеттік органдар Әділет министрлігіне ұсынатын реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттары (бұдан әрі – консультативтік құжат) бойынша Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Ведомствоаралық комиссия) оң қорытындысы негізінде Әділет министрлігі қалыптастырады. Бұл ретте консультативтік құжаттарды Ведомствоаралық комиссия жыл сайын 1 қыркүйекке дейін мақұлдауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптар Президенттің Қазақстан халқына Жолдауларын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарды орындау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында әзірленетін консультативтік құжаттарға, сондай-ақ Конституциялық Соттың қорытынды шешімдеріне қолданылмайды.

78. Жоспар жобасында:

1) алдағы жылы әзірлеу болжанатын, оның деңгейін, реттеу нысаны мен нысанасын көрсететін заң жобасының атауы;

2) заң жобасын әзірлеу (Әділет министрлігіне, Үкіметке және Құрылтайға енгізу) мерзімдері;

3) заң жобасын әзірлеуге жауапты органдар, ұйымдар және бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлғалар көрсетілуге тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін іске асыру үшін әзірленетін заң жобаларын қоспағанда, заң жобасын Құрылтайға енгізу мерзімі оны Үкіметке енгізудің белгіленген мерзімінен екі айдан кем болмауға тиіс.»;

83, 84 және 85-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«83. Ағымдағы жоспардың орындалуын жалпы бақылауды және үйлестіруді Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Заңдардың жобаларын әзірлеушілер әр айдың 25-і күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Жоспардың орындалу барысы, басым заңдардың

жобаларын, сондай-ақ Президенттің, Президент Әкімшілігінің және Премьер-Министрдің тапсырмаларынан туындайтын заңдардың жобаларын дайындау, заңдар жобаларының Үкіметте және Құрылтайда өтуі туралы осы Регламентке 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырады.

Әділет министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-і күнінен кешіктірмей, Үкіметтің заң жобалау қызметінің барысын қорытындылайды және:

1) Жоспардың орындалу барысы, басым заңдардың жобаларын, сондай-ақ Президенттің, Президент Әкімшілігінің және Премьер-Министрдің тапсырмаларынан туындайтын заңдардың жобаларын дайындау туралы, заңдар жобаларының Үкіметте және Құрылтайда өтуі туралы осы Регламентке 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырады;

2) Үкімет Аппаратына заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімдерінің ықтимал бұзылуы туралы ақпарат және заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімінің бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

Жоспарланған заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімдері бұзылған кезде Үкімет Аппаратының Басшысы Әділет министрлігінің ұсыныстарын ескере отырып, Премьер-Министрге заңдардың жобаларын әзірлеу мерзімінің бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

84. Заңдардың жобаларын Үкіметке және (немесе) Құрылтайға ұсынудың Жоспарда көзделген мерзімдерін ауыстырудың объективті себептері туындаған жағдайда әзірлеуші көрсетілген мерзім басталғанға дейін бір ай бұрын:

1) заңдардың жобаларын Үкіметке және (немесе) Құрылтайға ұсынудың Жоспарда көзделген енгізу мерзімдерін ауыстыру себептерін баяндап, Премьер-Министрдің атына негіздеме-хат;

2) белгіленген тәртіппен келісілген Үкімет қаулысының жобасын;

3) Жоспарда көрсетілген заң жобасын әзірлеу және енгізу үшін жауапты саяси лауазымды тұлғаны тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы орталық мемлекеттік орган басшысының ұсынысын жолдайды.

85. Заң жобасын Үкіметке және (немесе) Құрылтайға енгізу мерзімдерін ауыстыруды Премьер-Министрмен келісу мәселесін әзірлеуші мемлекеттік органның ұсынысы бойынша Премьер-Министрдің орынбасарлары немесе Үкімет Аппаратының Басшысы қамтамасыз етеді.

Заң жобасын Үкіметке және (немесе) Құрылтайға ұсынудың Жоспарда көзделген мерзімдерін ауыстыру туралы мәселеге қайтадан бастама жасалған кезде әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысының жауапкершілігі туралы мәселе қаралады.»;

86-1-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Құрылтайдың қарауындағы заң жобасына заңнамалық түзетулер енгізу (заңнамалық түзетулерді дереу енгізу қажет болған жағдайда).»;

87 және 88-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«87. Заңдардың жобаларын дайындау, ресімдеу, келісу, олар бойынша дауыс беру, сондай-ақ олар бойынша келіспеушіліктерді қарау тәртібі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Құрылтайдың регламентінде және осы Регламентте көзделген ерекшеліктермен Үкімет қаулыларының жобаларын енгізу үшін белгіленген тәртіпке ұқсас.

88. Халықаралық шарттарды ратификациялау мен олардың күшін жою және оларға қосылу туралы заңдардың жобаларын әзірлеу және енгізу «Халықаралық шарттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Құрылтайдың қарауына Үкімет енгізетін халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заңдардың жобаларына «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілген халықаралық шарттардың ғылыми сараптамасының нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды қоса беріледі.»;

91 және 92-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«91. Жоспар негізінде әзірлеушілер заңдардың жобаларын Жоспарда айқындалған айдың 1-і (бірі) күнінен кешіктірмей осы заңдардың жобаларын Құрылтайға енгізу туралы Үкімет қаулыларының жобаларымен бірге Үкімет Аппаратына енгізеді.

92. Заңдардың жобаларын Үкімет Аппаратына енгізу тәртібі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Құрылтайдың регламентінде және осы Регламентте көзделген ерекшеліктермен Үкімет қаулыларының жобаларын енгізу үшін белгіленген тәртіпке ұқсас.»;

93-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары әр парағын дәйектеген заң жобасы (оның ішінде электрондық жеткізгіштерде) және осы заң жобасын (заңдардың жобаларын) Құрылтайға енгізу туралы Үкімет қаулысының жобасы»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) қолданыстағы заңдарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасына осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесімен баптардың қолданыстағы және ұсынылатын редакцияларының салыстырма кестесі»;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) тиісті заңның қабылдануына байланысты өзгертілуге немесе күші жойылды деп танылуға жататын заңдардың тізбесі»;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) осы Регламентке 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң жобасын Құрылтайда сүйемелдеуге жауапты тұлғалардың дербес құрамының тізбесі қамтылуға тиіс.»;

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«94. Республикалық бюджет туралы заң жобасын Құрылтайға енгізу туралы қаулы жобасына осы Регламенттің 93-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 74-бабында көзделген құжаттар мен материалдар қосымша ұсынылады.»;

98-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«98. Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабы 4-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда халықтың өмірі мен денсаулығына, елдің конституциялық құрылысына, қоғамдық тәртібін қорғауға, экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында уәкілетті мемлекеттік орган Құрылтайдың дереу қарауы үшін заң жобасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар тиісті уақытша қаулысын әзірлеу мәселесіне бастама жасауға құқылы.»;

104-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«104. Осы Регламенттің 98-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобалары Президент Әкімшілігімен келісілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен аспайтын мерзімде кейіннен дауыс беру үшін Үкімет отырысына не Үкімет мүшелерінің сырттай дауыс беруіне шығарылады.

Заң жобасын Құрылтайдың дереу қарауы үшін енгізу күнтізбелік 2 (екі) күннен аспайтын мерзімде қамтамасыз етіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар тиісті уақытша қаулысын қабылдау және көрсетілген жобаларды іске асыру үшін дайындалған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді бекіту, Үкімет мүшелерінің отырысы не сырттай дауыс беруі өткізілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.»;

106-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«106. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының жоспарын, Президенттің Қазақстан халқына жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ Президенттің, Премьер-Министрдің, Президент Әкімшілігінің және Үкіметтің тапсырмаларын орындау үшін әзірленген заң жобалары таныстырылады.»;

107-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«107. Мыналар да міндетті түрде таныстырылады:

1) Құрылтай депутаттары бастама жасаған заң жобалары бойынша Үкімет қорытындыларының жобалары;

2) Құрылтайдың қарауындағы заң жобалары бойынша Құрылтай депутаттарының түзетулеріне Үкімет қорытындыларының жобалары;

3) заң жобасын Құрылтайда қарау барысында Президент пен Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша бастама жасалатын түзетулер бойынша мемлекеттік органдардың келісілген ұстанымдары.»;

113-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«113. Президент Әкімшілігімен Үкімет Құрылтайға енгізетін заңдардың жобаларын келісу «Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидаларын бекіту туралы» Президенттің 2002 жылғы 17 мамырдағы № 873 Жарлығымен айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

Президент Әкімшілігімен келісілетін заңдардың жобалары бойынша оның ескертулері толық ескерілмейтін жағдайда әзірлеуші бұл туралы Үкімет Аппаратын және Президент Әкімшілігін хабардар етеді.»;

114-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте Үкіметтің ұсынысына тиісті заң жобасы және заң жобасын Құрылтайдың қарауын басым деп айқындау қажеттігінің негіздемесін қамтитын және заң жобасының нақты мақсаттары мен ол шешетін міндеттерді ашатын түсіндірме жазба қоса берілуге тиіс.»;

7-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-параграф. Заңдардың жобаларын Құрылтайға енгізу»;

115, 116, 117 және 118-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«115. Үкіметтің бастамасы бойынша Құрылтайдың қарауына енгізілетін заңдар жобаларының төлнұсқаларына заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның, Әділет, Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерінің басшылары, Үкімет Аппаратының Басшысы және Премьер-Министр міндетті түрде қолбелгі қояды.

Заң жобасына Үкімет бланкісіндегі түсіндірме жазбаға Үкімет Аппаратының Басшысы қолбелгі қояды және Премьер-Министр қол қояды.

Заңдар жобаларының төлнұсқаларын Үкімет Аппараты Құрылтайға қағаз жеткізгіште және электрондық құжаттар форматында мемлекеттік және орыс тілдерінде енгізеді.

Заң жобасын Құрылтайға енгізер алдында Құрылтайда заң жобасын сүйемелдеуге жауапты тұлғалардың дербес құрамы айқындалады, бұл ретте тізбеге әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы, оның заң жобасын әзірлеуге жауапты орынбасары, заң жобасына ғылыми сараптама жүргізген сарапшылар (келісу бойынша) және басқа да мүдделі тұлғалар (келісу бойынша) міндетті түрде қосылады.

Заң жобасын сүйемелдеуді осы Регламенттің 126-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларына сәйкес лауазымды тұлғалар жүзеге асырады.

116. Заңдардың жобаларымен қоса Құрылтайға осы Регламенттің 93-тармағының 4), 5), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 18) және 19) тармақшаларында көрсетілген материалдар енгізіледі.

117. Президент Әкімшілігімен келісілгеннен кейін Үкімет басым деп айқындау жоспарланған заңдардың жобаларын Құрылтайдың қарауына күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде енгізеді.

118. Үкіметтің бастамасы бойынша Құрылтайға енгізілген заң жобасын Құрылтайдың Аппараты тіркемей Үкімет Аппаратына қайтарған жағдайда, егер тиісті тапсырмада өзгеше белгіленбесе, жоба Үкімет Аппаратына келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде заң жобасын әзірлеуші оларды ресімдеуде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

Үкімет Құрылтайға енгізген заң жобасына материалдарды толық жиынтықта ұсынбағаны үшін заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы, сондай-ақ Үкімет Аппаратының заң жобасын Құрылтайға енгізуге дайындаған тиісті құрылымдық бөлімшелері жауапты болады.

Құрылтайға Үкімет енгізген заң жобасының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтінінің теңтүпнұсқалы болмағаны үшін жауапкершілік заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысына және лингвистикалық сараптаманы жүзеге асырған ұйымға жүктеледі.

Заң жобасын ресімдеуде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін әзірлеуші осы заң жобасы бойынша тиісінше ресімделген материалдарды кейін олардың төлнұсқаларын Үкімет Аппараты Басшысының қолын қойғызып қағаз және электрондық жеткізгіштерде (электрондық құжаттар форматында) бір мезгілде Құрылтайдың Аппаратына жіберу үшін Үкімет Аппаратына енгізеді.»;

8-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-параграф. Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заңдардың жобаларын қарау»;

119-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«119. Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған, Үкіметке түскен, оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың кірістерінің қысқаруын немесе шығыстарының ұлғаюын көздейтін заңдардың жобалары бойынша Үкімет Құрылтайға осы Регламентке 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде қорытынды ұсынады.»;

120-тармақта:

бірінші, екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«120. Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған, Үкіметке түскен заң жобалары және оларға Үкімет қорытындыларының жобалары Ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралуға тиіс.

Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заң жобасына Үкімет қорытындысының жобасын дайындауды Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмасымен жауапты ретінде айқындалған мемлекеттік орган осы Регламентке 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамтамасыз етеді.

Бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар, егер тапсырмада өзге, анағұрлым қысқа мерзім белгіленбесе, тапсырма түскен күннен бастап 5 (бес)

жұмыс күні ішінде Үкімет қорытындысының жобасын дайындағанда ескеру үшін жауапты мемлекеттік органға Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заң жобасы бойынша өз ұстанымын ұсынуға міндетті.»;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Үкімет қорытындысының жобасында республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерінің қысқаруын немесе шығыстарының ұлғаюын көздейтін нормалар туралы мәліметтер, осындай нормалар бойынша Республикалық бюджет комиссиясының қорытындысы, заң жобасында ұсынылатын нормалардың Конституцияға, қолданыстағы заңдарға сәйкестігі, оларды қабылдаудың орындылығы, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе реттеуді қатаңдатууды жүзеге асыруды көздейтін нормалар, ықтимал теріс әлеуметтік-экономикалық салдар, іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт қабылдау талап етілетін нормалар туралы мәліметтер қамтылады.»;

он үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заңдардың жобаларына осы Регламентке сәйкес дайындалған Үкімет қорытындыларының жобаларын Үкімет Аппаратына енгізген кезде әзірлеуші оларға Ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімінің көшірмесін, мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Әділет, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерінің мемлекеттік органның бірінші басшысы не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлға қол қойған хаттарының көшірмелерін электрондық құжат нысанында қоса береді.»;

121-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«121. Үкімет қорытындысының жобасы Үкімет Аппаратына, егер Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмасында анағұрлым қысқа өзге мерзім белгіленбесе, Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заң жобасы Үкімет Аппаратында тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей мемлекеттік тілде және орыс тілінде электрондық құжат форматында енгізіледі.»;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Үкімет отырысында қорытынды жобасы мақұлданған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жауапты мемлекеттік орган заң жобасын іске асыру үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің алдын ала жобаларын бірінші басшының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның қолы қойылған хатпен заң жобасына бастама жасаған Құрылтай депутаттарына немесе Қазақстан Халық Кеңесіне, Үкімет Аппаратына және Әділет министрлігіне танысу үшін жібереді.»;

9-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-параграф. Заңдар жобаларының Құрылтайда өту тәртібі»;

122, 123 және 124-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«122. Заңдардың жобаларын Құрылтайда қарау барысында уәкілетті тұлғаларға Премьер-Министрмен алдын ала келіспей заң жобасының консультативтік құжатына немесе оның құқықтық мазмұнын өзгертуге байланысты, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуге немесе реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруға байланысты (заңдық техникаға қатысты түзетулерді қоспағанда), сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерінің қысқаруын немесе шығыстарының ұлғаюын көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсыныстарды ауызша немесе жазбаша нысанда енгізуге немесе келісім білдіруге тыйым салынады.

Бұл ретте Құрылтайда тиісті заңдардың жобаларын ұсынатын мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Үкіметтің бірыңғай ұстанымын тұжырымдау туралы ұсыныспен дереу Премьер-Министрге жүгінуге міндетті. Премьер-Министрдің қарарымен мемлекеттік органдарға Үкіметтің бірыңғай ұстанымын тұжырымдау туралы тапсырма беріледі.

Үкімет тұжырымдаған бірыңғай ұстанымды заңдардың жобаларын Құрылтайдың қарауы барысында қатысатын уәкілетті мемлекеттік органдар мүлтіксіз сақтауға тиіс.

Көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды Премьер-Министрмен келіспей енгізуге келіскені үшін жауапкершілік Құрылтайда тиісті заңдардың жобаларын ұсынатын мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына, сондай-ақ бірінші басшылардың осы заң жобасы үшін тікелей жауапты орынбасарларына жүктеледі.

Көрсетілген тәртіпті бұза отырып білдірілген келісімнің заңдық күші жоқ және ол Үкіметтің ұстанымы болып табылмайды.

Құрылтай депутаттары Премьер-Министрмен келісілмеген, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды дауысқа салуға шығарған жағдайда заңдардың жобаларын ұсынатын тұлғалар өздерінің қарсылығын отырыс стенограммасында тіркеуді талап етуге және осы өзгерістер немесе толықтырулар туралы Үкімет Аппаратын дереу хабардар етуге міндетті.

Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі Регламенттің осы тармағы талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады және заңдардың жобаларына жоғарыда аталған түзетулерді Премьер-Министрдің рұқсатынсыз енгізуге уәкілетті тұлғалардың келісу фактілеріне жол бермеуге бағытталған шараларды қабылдайды.

Регламенттің осы тармағында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда Үкімет Аппаратының жауапты құрылымдық бөлімшесі бұл туралы Премьер-Министрді және Үкімет Аппаратының Басшысын хабардар етеді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тиісті лауазымды тұлғаларын жазалау туралы ұсыныстар енгізеді.

123. Үкімет бастама жасаған заңдар жобаларының нормаларын оларды Құрылтайда қарау кезінде қатысатын уәкілетті мемлекеттік органдар қатаң сақтауға тиіс.

Құрылтай отырыстарына қатысу барысында уәкілетті мемлекеттік органдарға кейіннен депутаттардың Үкімет бастама жасаған заңдардың жобаларына түзетулер түрінде (заңдық техникаға қатысты түзетулерді қоспағанда) бастама жасауы үшін олардың қарауына жазбаша немесе ауызша нысанда:

- 1) бұрын қаралған және жобаларды әзірлеу сатысында Үкімет қолдамаған;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен кәсіпкерлік субъектілерінің сараптамалық кеңестерінің ұстанымы жоқ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүддесін қозғайтын ұсыныстар енгізуге тыйым салынады.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының Үкімет бастама жасаған заңдар жобаларының нормалары мен оларды қарау тәртібіне қатысты Құрылтай мен оның комитеттері басшылығының атына өз бастамасы бойынша хат жіберуіне тыйым салынады.

Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі Регламенттің осы тармағы талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады және белгіленген талаптар бұзылған жағдайда бұл туралы Премьер-Министрді және Үкімет Аппаратының Басшысын хабардар етеді, сондай-ақ осындай фактілер туралы ақпаратты ұдайы қорытындылап тұрады және мемлекеттік органдардың тиісті лауазымды тұлғаларын жазалау туралы ұсыныстар енгізеді.

124. Осы Регламенттің 86-1-тармағына немесе Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2022 жылғы 1 маусымдағы № 22-01-38.16 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында (ұйымдарында) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құжаттарымен жұмыс істеу және олардың Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне құжаттар жіберу қағидаларының 23-2-тармағына сәйкес келісілген тәсіл болған кезде Президенттің және Премьер-Министрдің заңдарға дереу өзгерістер енгізуді талап ететін тапсырмаларын орындау үшін жауапты мемлекеттік орган заң жобасына тиісті түзетулерді әзірлейді және оларды Үкіметтің келісілген ұстанымын келісу және тұжырымдау үшін Әділет, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктеріне және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға салыстырма кесте түрінде жібереді.

Егер ұсынылып отырған түзетулерді іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қажет болса, олардың алдын ала жобалары қоса беріледі.

Келісуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және кәсіпкерлік субъектілерінің сараптамалық кеңестерінің мүшелері жауапты мемлекеттік органға заң жобасына енгізілетін түзетулерге өз ұсыныстарын немесе қарсылықтарын, егер тапсырмада өзге

мерзім көрсетілмесе, олар келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жібереді.

Қажет болған кезде жауапты мемлекеттік орган немесе өзге мүдделі мемлекеттік орган тиісті өзгерістер мен толықтыруларды Республикалық бюджет комиссиясының не Үкімет жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қарауына өзі жібереді.

Түзетулер мүдделі мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен келісілгеннен кейін жауапты мемлекеттік орган Үкімет Аппаратына осы Регламентке 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісілген ұстанымды, салыстырма кестені, Құрылтайдың атына хат жобасын, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын (бар болса) енгізеді.

Құрылтайға жіберілетін хат жобасында түзетулерді әзірлеудің негіздері, мақсаттары, міндеттері мен негізгі ережелерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы, сондай-ақ түзетулер енгізу ұсынылатын Құрылтайдың қарауындағы заңның тиісті жобасын таңдау себептерінің негіздемесі қамтылуға тиіс.

Ілеспе құжаттар салынған Үкіметтің келісілген ұстанымы Үкімет Аппараты Басшысының қолы қойылған хатпен Президент Әкімшілігіне келісуге жіберіледі.

Президент Әкімшілігімен келісілгеннен кейін Үкіметтің келісілген ұстанымы таныстыруға, содан соң одан әрі дауыс беру үшін отырысқа не Үкімет мүшелерінің сырттай дауыс беруіне шығарылады.

Үкіметтің келісілген ұстанымын мақұлдау қорытындылары бойынша Құрылтайға ілеспе құжаттар салынған, Премьер-Министрдің қолы қойылған тиісті хат жіберіледі.

Құрылтайға мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының және өзге лауазымды тұлғаларының қолы қойылған хатпен заң жобаларына түзетулер енгізу туралы ұсыныс енгізуге тыйым салынады.

Уәкілетті мемлекеттік органдар Құрылтайда Үкіметтің келісілген ұстанымын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

Мемлекеттік органдарға Құрылтайдың қарауындағы заңдардың жобаларына түзетулер енгізу туралы ұсыныспен Үкімет, Президент Әкімшілігі басшылығының атына осы тармақта көзделген тәртіппен өз бастамасы бойынша хат жіберуге тыйым салынады.»;

125-тармақта:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«125. Үкімет бастама жасаған заң жобасына, сондай-ақ Құрылтай депутаттары немесе Қазақстан Халық Кеңесі бастама жасаған заң жобасына Құрылтай депутаттары түзетулер (оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Ұлттық қордың түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін) енгізген жағдайда Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет қорытындысының жобасын осы Регламентке 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң жобасын әзірлеуші әзірлейді.

Бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар, егер тапсырмада өзге, анағұрлым қысқа мерзім белгіленбесе, тапсырма түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Үкімет қорытындысының жобасын дайындағанда ескеру үшін заң жобасын әзірлеушіге Құрылтай депутаттарының түзетулері бойынша өз ұстанымын ұсынуға міндетті.»;

он жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорытынды жобасы Үкімет отырысында мақұлданған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде заң жобасын әзірлеуші түзетулерді іске асыру үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің алдын ала жобаларын бірінші басшының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның қолы қойылған хатпен түзетулерге бастама жасаған Құрылтай депутаттарына, Үкімет Аппаратына және Әділет министрлігіне танысу үшін жібереді.»;

126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133 және 134-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«126. Орталық мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының Құрылтайдағы өздері әзірлеуші болып табылатын заңдардың жобаларын қарау бойынша отырыстарға қатысуы мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жұмыс топтарына – департаменттердің директорлары немесе комитеттердің төрағалары;

2) бас комитеттердің отырыстарына – орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының орынбасарлары;

3) жалпы отырыстарға – орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары.

Жоғарыда көрсетілген тұлғалардың осы тәртіпті сақтауын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың Үкімет уәкілеттік берген басқа лауазымды тұлғаларының Құрылтайға келуін, оның ішінде Құрылтайда өткізілетін үкіметтік сағаттарға, Құрылтай тыңдауларына және басқа да іс-шараларға қатысу үшін келуін бақылауды Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі жүзеге асырады. Осы тәртіп бұзылған не келмеген жағдайларда Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі Премьер-Министрдің қарауына кінәлі лауазымды тұлғаларды жазалау туралы ұсыныстар енгізеді.

Құрылтайдың заңдардың жобаларын қарау бойынша отырыстарына қатысатын орталық мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары депутаттар қойған сұрақтарға толық және негізделген жауап беру мақсатында осы отырыстарда қаралатын мәселелер бойынша кәсіпқойлық тұрғысынан әзір болуға міндетті.

Егер Құрылтайдың жұмыс органдарының отырыстарында заңға тәуелді деңгейде іске асыру болжанатын түзетулер қабылданған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдар заңнамалық нормаларды іске асырудың тұжырымдамалық пайымын қамтитын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің алдын ала жобаларын алдын ала әзірлеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Лауазымды тұлғалар дайындығының сапасы және олардың Құрылтайдағы отырыстарға келуі үшін жауапкершілік орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

127. Уәкілетті мемлекеттік органдар Құрылтайдағы отырыстарға қатысу барысында Үкімет және басқа да заңнамалық бастама субъектілері бастама жасаған заңдардың жобаларына депутаттардың түзетулері бойынша Үкімет қорытындысында білдірілген Үкіметтің бірыңғай ұстанымын қатаң сақтауға міндетті.

Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі Регламенттің осы тармағы талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады және ол бұзылған жағдайда бұл туралы Премьер-Министрді және Үкімет Аппаратының Басшысын хабардар етеді.

128. Үкімет бастама жасаған заң жобасы бойынша Құрылтайдың жалпы отырысында баяндама жасауға уәкілеттік берілген орталық атқарушы органның бірінші басшысын ауыстыру Құрылтайдың осы заң жобасын қарауын кейінге қалдыруға болмайтын айрықша жағдайларда және объективті негіздер болған кезде ғана Премьер-Министрмен (оның міндетін атқарушы тұлғамен) келісу бойынша жүргізілуі мүмкін.

Үкімет енгізген заңдардың жобаларын Құрылтайдың жалпы отырысында ұсынатын уәкілетті тұлғаны (заң жобасы бойынша баяндамашыны) ауыстыру қажет болған кезде Құрылтайға Премьер-Министр қол қойған тиісті хат жіберіледі. Бұл ретте мұндай хаттардың жобаларын заң жобасын әзірлеуші дайындайды және заң жобасы Құрылтайдың жалпы отырысында қаралғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Үкімет Аппаратына енгізеді.

129. Үкімет шешімінің Құрылтайда өтуін бақылауды Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі жүзеге асырады.

Заңдардың жобалары және Үкіметтің қызметіне қатысты басқа да мәселелер Құрылтайда қаралған кезде Үкімет ұстанымын іске асыру мақсатында Үкіметтің Құрылтайдағы өкілі заң жобалау және Құрылтай депутаттарымен өзге де жұмыс мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен консультациялар, жұмыс кеңестерін өткізуге бастама жасауға, қажет болса, олардан Құрылтайдағы жұмыс топтарының, комитеттерінің отырыстарына қатысу үшін лауазымды тұлғалардың кандидатураларын, тиісті құжаттарды ұсынуды сұратуға, сондай-ақ өз құзыреті шегінде өзге де жұмысты жүргізуге құқылы.

130. Үкіметтің Құрылтайдан заң жобасын кері қайтарып алуы Үкімет қаулысымен жүзеге асырылады, оның жобасын осы Регламентте белгіленген тәртіппен заң жобасын әзірлеуші енгізеді және ол Президент Әкімшілігімен міндетті түрде келісілуге тиіс.

131. Құрылтай қабылдаған және Премьер-Министрге қол қойып бекітуге жіберілетін барлық заңдар бойынша заң жобасын әзірлеуші заң қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде осы Регламентке 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды дайындайды және Үкімет Аппаратына жібереді.

Осы тармақта көзделген рәсімдердің орындалуын бақылауды Үкімет Аппараты жүзеге асырады.

132. Заңға тәуелді актілерді сапалы және уақтылы әзірлеу мақсатында Құрылтай заң жобасын екінші оқылымда мақұлдаған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде тиісті заңға тәуелді актілердің жобаларын қарау үшін мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

133. Құрылтай заңды қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде заң жобасын әзірлеуші мүдделі мемлекеттік органдарға Премьер-Министр өкімінің жобасын келісуге жібереді, онда мыналар көзделеді:

1) қабылдануы осы заңмен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) және мемлекеттік органның (мемлекеттік органдардың) қабылдануы осы заңмен негізделген құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу бойынша жауапты орындаушы (жауапты орындаушылар) етіп айқындалуы;

2) құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу мен Үкімет Аппаратына енгізудің және құқықтық актілерді әділет органдарына мемлекеттік тіркеудің Президент заңға қол қойған күннен бастап екі айдан аспауға тиіс нақты мерзімдері.

Бұл ретте мемлекеттік органдардың мемлекеттік тіркеуге жатпайтын құқықтық актілерінің қабылданған күні оларды әзірлеу мерзімі болып саналады;

3) құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты, осы актілер реттейтін салаға жетекшілік ететін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының орынбасарларын, аппарат басшыларын көрсету;

4) заңға тәуелді актілерді қабылдау және (немесе) қабылданған заңға сәйкес келтіру туралы тапсырма.

134. Жобаны әзірлеуші Құрылтай заңды қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Үкімет Аппаратына белгіленген тәртіппен келісілген Премьер-Министр өкімінің жобасын не Премьер-Министр өкімінің жобасын әзірлеудің қажеті жоқ екендігі туралы хат енгізеді.»;

137 және 138-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«137. Әділет министрлігі әрбір айдың 5-і күнінен кешіктірмей қабылданған әрбір жеке заң бойынша жиынтық ақпаратты талдайды, қорытындылайды және осы Регламентке 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құпиялылық режимінің және таратуды шектеу талаптарын сақтап, жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырады.

Заңдардың уақтылы іске асырылуын, оның ішінде заңға тәуелді актілердің әзірленуі мен қабылдануын бақылауды мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің басшылары және Әділет министрлігі жүзеге асырады, ол заңдарды іске асыру мерзімдерінің ықтимал бұзылуы туралы ақпаратты және мерзімдердің бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

138. Заңдардың уақтылы іске асырылуын, оның ішінде заңға тәуелді актілердің әзірленуі мен қабылдануын ведомствоаралық үйлестіруді Үкімет Аппараты жүзеге асырады.»;

149-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«149. Мемлекеттік органдар Президентке, Президент Әкімшілігіне, Құрылтай депутаттарына, Бас прокуратураға және Жоғары аудиторлық палатаға тек қағаз түрінде енгізетін жауаптардың жобаларын осы жауап жобасын әзірлеген мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға дәйектейді.»;

164-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«164. Бақылаудағы тапсырмаларды уақтылы және сапалы орындау, заңдарды және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, оларды Президенттің және Премьер-Министрдің қарауына ұсыну үшін жауапкершілік орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларына жүктеледі. Бұл ретте көрсетілген органдардың басшылары бақылау жұмысын ұйымдастыруға жауапты бөлімшелер мен лауазымды адамдарды айқындайды.»;

165-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«165. Үкімет Аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Регламентке сәйкес Президент, Премьер-Министр, Үкімет актілерінің, сондай-ақ Президенттің, Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Президент Әкімшілігі Басшысының, Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының, Президент Әкімшілігі мен Үкімет Аппаратының өзге де басшылығының тапсырмалары бар құжаттардың орындалуын бақылау жөніндегі ұйымдастырушылық және талдамалық жұмысты жүзеге асырады, атқарушылық тәртіп мәселелері бойынша Премьер-Министрді жүйелі түрде хабардар етіп тұрады.»;

165-3-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жауапты мемлекеттік органдардан заңнамалық тапсырмалардың іске асырылу, Құрылтайдағы заңнамалық процестің жай-күйін мониторингтеу, сондай-ақ заң шығару процесінің ақпараттық жүйесін пайдалану барысы туралы ақпаратты жұмыс тәртібінде сұрату арқылы – заңнамалық түзетулерді немесе жаңа заңды қабылдау.»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырылған ақпаратты талдау арқылы – заңдарды уақтылы іске асыру, оның ішінде заңға тәуелді актілерді әзірлеу және қабылдау.»;

170-тармақтың бірінші бөлігінде:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «өте шұғыл», «шұғыл», «жеделдетілсін» деген белгілері бар, орындау мерзімі көрсетілген немесе бақылауға алу туралы нұсқау бар Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының, Вице-Президенттің, Президент Әкімшілігі Басшысының, Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының, сондай-ақ Президент

Әкімшілігінің өзге де басшылығының Үкімет Аппаратына, Үкімет Аппаратының Басшысына (оның міндетін атқарушы тұлғаға) берген тапсырмалары;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) депутаттық сауалдар, депутаттар бастама жасаған заңдардың жобаларына және өздерінің қарауындағы заңдардың жобаларына түзетулерге Үкімет қорытындысын беруді сұраған Құрылтайдың жолданымдары;»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді немесе жаңа кодекс немесе заң қабылдауды талап ететін тапсырмалар;»;

174-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«174. Президенттің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің, Президент Әкімшілігі Басшысының және Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының тікелей тапсырмаларын қоспағанда, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атына орындау мерзімі 2 (екі) жұмыс күнінен аз сұрау салу мен тапсырмалар жіберуге тыйым салынады.»;

181-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Құрылтай депутаттарының атына дайындалған жауап жобасына тұжырымдамалық ескертулер болған жағдайларда жетекшілік ететін саласы бойынша Премьер-Министрдің орынбасары не Үкімет Аппаратының Басшысы қол қойған аралық жауап жіберілуі мүмкін (бір реттен көп емес).»;

183-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Премьер-Министрдің немесе оның орынбасарларының не Үкімет Аппараты Басшысының Құрылтай депутаттарының сауалдарына жауаптар және Құрылтай депутаттары бастама жасаған заңдардың жобаларына қорытындылардың жобаларын дайындау туралы тапсырмалары, егер тапсырмаларда өзге, анағұрлым қысқа мерзім белгіленбесе, тиісінше 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей орындалады.»;

188-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«188. Құрылтай депутаттарының түзетулеріне Үкімет қорытындысының жобасын енгізу мерзімдерін ұзартуға оларды Республикалық бюджет комиссиясында қарау, қосымша ғылыми сараптама жүргізу қажеттігі ғана негіз болады.»;

көрсетілген Регламентке 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшалар осы өзгерістер мен толықтыруларға 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Регламентке 10-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Құрылтайында
«_____» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын
қарау барысында Президенттің және Премьер-Министрдің тапсырмасы
бойынша бастама жасалатын түзетулер бойынша Үкіметтің келісілген
ұстанымы»;

көрсетілген Регламентке 11 және 12-қосымшалар осы өзгерістер мен толықтыруларға 13 және 14-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын; көрсетілген Регламентке 13-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қабылданған заңдардың іске асырылуы туралы 202_ жылғы « » _____ жағдай бойынша (мемлекеттік органның атауы) ақпараты»;
көрсетілген Регламентке 14-қосымшаның 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңдардың саны _____.
2. Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру үшін қабылданған Премьер-Министр өкімдерінің саны _____.»;
көрсетілген Регламентке 14-2-қосымшаның ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ескертпелер:

*Іс-шара Конституциялық Соттың нормативтік қаулысынан туындайтын әрбір құқықтық ұстанымның мазмұнына қарай енгізіледі.

** Іске асыру барысы туралы ақпарат жіберілген кезде толтырылады: мемлекеттік органның жауапты орындаушысы (Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген);

құжаттың жасалған күні: _____ 20__ жыл.

*** Нормативтік құқықтық актілер жобаларының, Құрылтай депутаттары түзетулерінің, Үкімет регламентіне сәйкес дайындалған түзетулердің, Үкімет қорытындыларының, салыстырмалы кестелер мен өзге де материалдардың мәтіндері қоса беріледі.

**** Іске асыру алгоритмінде көрсетілген іс-шараларды орындау мерзімдері ақылға қонымды және оларды іске асыру үшін жеткілікті болуға тиіс. Іс-шараны іске асыру үшін анағұрлым ұзақ мерзім белгілеу қажет болған жағдайда мемлекеттік орган жоспарда әрбір іс-шара бойынша тиісті негіздемелерді көрсетеді.

***** Заңнамаға түзетулерді әзірлеу тәртібі көрсетіледі:

заң жобасын әзірлеу (жалпы немесе жеңілдетілген тәртіп);

Құрылтай депутаттарының түзетулерге, заң жобаларына бастама жасауы;

Үкімет регламентіне сәйкес заң жобаларына түзетулерді енгізу.»;

көрсетілген Регламентке 14-4-қосымшада:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қорытынды шешімдердің орындалу барысы туралы қабылданған шаралар туралы, мемлекеттік органдарға, Әділет министрлігіне, Үкімет Аппаратына, Президент Әкімшілігіне, Құрылтайға әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобаларын, депутаттық түзетулерді; Үкімет регламентінің 124-тармағына сәйкес дайындалған түзетулерді; Үкіметтің келісілген ұстанымын; Үкімет қорытындыларын (қорытынды жобаларын) енгізу мәліметтері мен күндері көрсетілген:

Үкімет Регламентіне сәйкес әзірленген нормативтік құқықтық актілердің және (немесе) дайындалған түзетулердің жобалары (124-тармақ);

Үкіметтің келісілген ұстанымы;

Үкімет қорытындыларының жобаларын мемлекеттік органдарға, Әділет министрлігіне, Үкімет Аппаратына, Президент Әкімшілігіне, Құрылтайға жіберу туралы ақпарат.»;

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты көрсеткен заң жобасын Құрылтайға енгізу мерзімі туралы мәліметтер.

8. Заң жобасын Құрылтайға енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының күні, нөмірі.

9. Заң жобасының, түзетулердің Құрылтайда өту барысы туралы мәліметтер (жұмыс тобы отырыстарының саны, жұмыс тобының басшысы, жалпы отырыста мақұлдануы туралы).»;

көрсетілген Регламентке 18-қосымшада «қабылдау өткізген» деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

«

қабылдау өткізген					
барлығы	оның ішінде				
	министр / астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі	вице-министрлер/ астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімінің орынбасарлары	қала/аудан әкімдері	қала/аудан әкімдерінің орынбасарлары	басқа деңгейдегі басшылар

».

55. «Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркегені үшін алым мөлшерлемесін қолдану және осындай көлік құралдарын әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды, сондай-ақ көлік құралдарының санаттарын өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінен босату шарттары мен мерзімдерін, қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 13 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркегені үшін алым мөлшерлемесін қолдану және осындай көлік құралдарын әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды, сондай-ақ көлік құралдарының санаттарын өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінен босату шарттары мен мерзімдерінде, қағидаларында:

3-тармақтың бірінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

11-тармақтың бірінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

11-1-тармақтың бірінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінен босатып, оларды бастапқы тіркегені үшін 200000 теңге мөлшеріндегі алым мөлшерлемесін қолдану үшін өтініштер қабылдау осы Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап және 2023 жылғы 1 шілдеге дейін жүзеге асырылады.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде берілген өтініштер осы Қағидаларға сәйкес 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қаралады.».

56. «Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясына өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 9 ақпандағы № 104 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясына өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төлеу қағидаларында:

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Өмір бойғы ай сайынғы қамтылым мөлшері тағайындалған және өзгерген кезде тиынмен есептелген барлық сома тиын сомасына қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады.

17. Конституциялық Сот судьясына өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды төлеу оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметпен айналысуға байланысты лауазымды қоспағанда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқарған жағдайда тоқтатыла тұрады.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқару тоқтатылған жағдайда Конституциялық Сот судьясына өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды төлеу қайта басталады.»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

екінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының 20_ жылғы «_» _____ № ____ қаулысы»;

екінші бөліктің төртінші абзацы алып тасталсын.

57. «Судья теріс себептер бойынша лауазымынан босатылған жағдайда Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, судьялар үшін

қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын алып қою және бюджетке аудару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 431 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Судья теріс себептер бойынша лауазымынан босатылған жағдайда Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, судьялар үшін қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын алып қою және бюджетке аудару қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Судья теріс себептер бойынша лауазымынан босатылған кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – агент) судьяны теріс себептер бойынша лауазымынан босату туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына қол қойылғаннан немесе Қазақстан Республикасының Құрылтайының қаулысы қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін республикалық бюджет қаражаты есебінен судьяның ай сайынғы табысынан қосымша аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын алып қоюға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінішпен (бұдан әрі – өтініш) жүгінеді.»;

3-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жергілікті және басқа да соттардың төрағаларына, сот алқаларының төрағаларына және судьяларына қатысты астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ бас бухгалтер қол қояды және ол елтаңбалы мөрмен куәландырылады. Егер бас бухгалтердің лауазымы көзделмеген болса, алып қою туралы өтінішке тиісті белгі қойылады;»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

«Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Аппаратының басшысы/Сот әкімшілігінің басшысы/облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшенің басшысы» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Аппаратының басшысы/Сот әкімшілігінің басшысы/ астанадағы, облыстардағы, және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшенің басшысы
--

»;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

«Лауазымнан босатудың негізі (Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты қаулысының №, күні)» деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

«

Лауазымнан босатудың негізі (Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының немесе Қазақстан Республикасының Құрылтайы қаулысының №, күні)

»;

«Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Аппаратының басшысы/Сот әкімшілігінің басшысы/облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшенің басшысы» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Аппаратының басшысы/Сот әкімшілігінің басшысы/ астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшенің басшысы

».

58. «Басқа елді мекенге ротацияланған мемлекеттік қызметшілерге берілетін ротациялық төлемдердің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 449 қаулысында:

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

59. «Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын қайтару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 472 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын қайтару қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

60. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларын, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесін, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткілікті шегін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 521 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларында:

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, зейнетақы жинақтары бар, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар БЖЗҚ-ға жеке өтініш жасаған кезде мыналарды ұсынады:

1) өтініш;

2) шетелдік паспорттың түпнұсқасы (сәйкестендіру үшін).

Бұл ретте азаматтығы жоқ адам шетелдік паспорт ретінде азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын, шет мемлекет берген және азаматтығы жоқ адамның құқықтық мәртебесін растайтын құжатты ұсынады;

3) шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның банктік шоты туралы мәліметтер.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды алған кезде БЖЗҚ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен өтініш жасаған шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарының не шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және оның жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың, не шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының, не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты

тұруға кетуіне не шетел азаматына немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттың күші жойылуына не Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына байланысты өтініш жасаған шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің болмауы немесе жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайда БЖЗҚ зейнетақы төлемін осы Қағидалардың 26-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың не шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және жарамдылығы туралы мәлімет алған жағдайларда БЖЗҚ осы Қағидалардың 24-тармағында белгіленген мерзімдерде өтінішті қабылдаудан не орындаудан бас тартады.

14. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, зейнетақы төлемдері бір мәрте жүзеге асырылады.»;

19-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте өтініш берушінің, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамның, мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (нотариатта куәландыру тұрғылықты мемлекетте жүргізілетін жағдайда) нотариат куәландырады;»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Өтініш пошта байланысы құралдары арқылы берілген кезде өтініш берушінің, шетел азаматының, азаматтығы жоқ адамның, осы Қағидалардың 7-тармағының 2) тармақшасында, 13 және 17-тармақтарында көрсетілген мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, сондай-ақ өтініш берушінің, шетел азаматының, азаматтығы жоқ адамның, мұрагердің өтініштегі қолын нотариат куәландырады (нотариатта куәландыру тұрғылықты мемлекетте жүргізілетін жағдайда).»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Өтініш беруші, шетел азаматы, азаматтығы жоқ адам, мұрагер, зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесі не үшінші тұлға осы Қағидалардың немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда БЖЗҚ өтініш берілген күні құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат тапсырып, БЖЗҚ-ның ішкі құжатында айқындалатын нысан бойынша өтінішті қабылдаудан не бас тарту себебін көрсете отырып, осы Қағидаларда көзделген құжаттарды алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы өтінішті орындаудан бас тартады.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесінде:

4-тармақтың үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«АОК – зейнетақы тағайындау күніне алушының айлық орташа кірісі, бірақ «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен кем емес және Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық кірістен артық емес;

ОАЖ – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет-ресурсында орналастырылған, өтініш берілген күннің алдындағы күнтізбелік жыл үшін орташа жалақының мөлшері ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық кіріс (толық күнтізбелік жыл үшін жалақының орташа мөлшері туралы деректер болмаған кезде есептеу үшін өтініш берілген күннің алдындағы жылдың іс жүзіндегі соңғы деректері қабылданады);»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесінде:

9-тармақтың үшінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

61. «Зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляцияның деңгейін ескере отырып орындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 522 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляцияның деңгейін ескере отырып орындау қағидаларында:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Әлеуметтік кодекстің 220-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында, 221-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға – Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға – БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтары алынған күнге;»;

5-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты,

Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін қандас куәлігі) қоса беріледі.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Айырма төлемін алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жарналарын алушы болып табылатын шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың өтінішіне:

алушы өзі жүгінген кезде:

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдік паспорт;

екінші деңгейдегі банктерде немесе Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар сенім білдірген тұлға арқылы өтініш берген кезде алушының жеке басын куәландыратын құжаттарының дұрыстығын нотариат куәландырады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрған жағдайда құжаттардың көшірмесін нотариаттың куәландыруы тұратын мемлекетінде немесе Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі.»;

7-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, шетелдік паспорт).

Шетел тілінде жасалған құжаттар үшін қазақ немесе орыс тіліне аудармасының дұрыстығын нотариус жүзеге асырған куәландыру қоса беріледі;»;

8-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мұрагердің жеке басын куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, шетелдік паспорт);»;

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қамқоршының немесе қорғаншының жеке басын куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, шетелдік паспорт);»;

13-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

62. «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Үлгілік қағидалар негізінде астананың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі (бұдан әрі – ЖАО) әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын әзірлейді.»;

3-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша астана, республикалық маңызы бар қала, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – астананың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Участкелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстардың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

Арнайы және участкелік комиссиялар туралы үлгілік ережелерді уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.»;

22-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру астананың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінде ағымдағы қаржы жылына көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.»;

төртінші бөлікте орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Үлгілік қағидаларға 2-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Үлгілік қағидаларға 4-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«астана, республикалық маңызы бар қала, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы 20__ жылғы ____ № _____ шешімі»;

көрсетілген Үлгілік қағидаларға 5-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

63. «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерінде:

4-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Әлеуметтік кодекстің 248-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін міндетті зейнетақы жарналарын алынатын кірістің 10 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан жоғары болмайтын мөлшерде кейіннен БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына аудару үшін қолма-қол ақшамен жарна салу арқылы банктерге және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төленуге тиіс.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Мемлекеттік корпорацияның астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы филиалдары (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорацияның филиалы) және Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттіліктен айырылу және (немесе) жұмысынан айырылу, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына берілетін әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомаларын есептеу, ұстап қалу және аудару кезінде жіберілген қателерді анықтаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияға Мемлекеттік корпорацияның филиалы қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтаруға электрондық түрдегі өтінім жібереді.».

64. «Пана іздеген адамдар жаппай ағылып келген кезде оларды уақытша қоныстандыру пункттерінде қабылдау мен орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 12 шілдедегі № 554 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пана іздеген адамдар жаппай ағылып келген кезде оларды уақытша қоныстандыру пункттерінде қабылдау мен орналастыру қағидаларында:

3-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) пана іздеген адам – астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы босқын мәртебесін беру туралы өтінішхаты бойынша түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасында пана сұрауға ниет білдірген шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам;»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Пана іздеген адамдар сұрыптаудан өткеннен кейін адамның қауіпсіздігін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, Қазақстан Республикасының конституциялық негіздерінің құрылысын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында пана іздеген адамдар уақытша қоныстандыру пункттеріне орналастырылады.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. ЖАО-ға босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатпен жүгінбеген шетел азаматтарының құқықтық жағдайы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.».

65. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 632 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесінде:

2-тармақтың 5) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

66. «Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір

шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 734 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларында:

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын құжатының қолданылу мерзімі ішінде жүргізіледі.

Шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тоқтатып қойылады, ал құжаттың қолданылу мерзімі ұзартылатын болса, тоқтатып қойылған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тоқтатып қойылған күннен бастап қайта төленеді.»;

көрсетілген Қағидаларға 3, 4, 5-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

көрсетілген Қағидаларға 8-1, 9 және 10-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

67. «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларында:

22-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

68. «Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 528 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру қағидаларында:

4-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

10-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

21-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

29-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

69. «Сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға тиесілі сомаларды төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 601 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға тиесілі сомаларды төлеу қағидаларында:

8-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Өз міндеттерін орындағаннан кейін аталған тұлғалар сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның немесе астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшенің қаржы қызметіне мынадай растайтын құжаттармен қоса тиесілі сомаларды төлеу туралы өтінішпен жүгінеді:»;

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті органның немесе астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшенің қаржы қызметі сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға тиесілі сомаларды төлеу туралы сот актісі келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде төленуге тиіс соманы соттың есепке жазуын тексереді.

11. Тексеру нәтижелері бойынша сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті органның немесе астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшенің қаржы қызметі төленуге тиіс сомаларды республикалық бюджеттен көрсетілген мақсаттарға арнайы бөлінетін және тиісті қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражаттан дереу төлейді.».

70. «Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібін, нысандарын және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 тамыздағы № 626 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібінде, нысандарында және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттарда:

2-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) бренд-комитет – астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлер палаталары жанында тұрақты жұмыс істейтін, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы шеңберінде өнімдерді іріктеуді жүзеге асыратын алқалы консультативтік-кеңесші орган;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының бөлімшесі (бұдан әрі – КҚКО бөлімшесі) – астанада, облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда кәсіпкерлер көп шоғырланған жерлерде құрылған, кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған жұмыс орны;»;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) өңірлік кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ӨКП) – қаржылай емес қолдау операторының астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың өңірлік кәсіпкерлер палатасы, оның ішінде астанада, облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған жұмыс орны;»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. «Кәсіпке бағыт» құралын қаржылай емес қолдау операторы және ӨКП астанада, облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда, сондай-ақ анықталған сұраныс негізінде аудан орталықтарына барып көрсетеді.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. ШОК субъектілерін және (немесе) оның өкілдерін бір салалық (бейіндік) бағыт бойынша оқыту жылына бір реттен артық ұсынылмайды.

Оқыту ӨКП-мен және «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша жергілікті атқарушы органдар бекітетін өңірдегі (астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бөлінісіндегі) басым салалар бойынша жүзеге асырылады.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. «Кәсіпкер әйел» құралын қаржылай емес қолдау операторы және өңірлік кәсіпкерлер палаталары Қазақстан Республикасының 18 (он сегіз) жастан асқан әйел азаматтарына астанада, облыс орталықтарында және

республикалық маңызы бар қалаларда, оның ішінде ауыл тұрғындарына өтеусіз негізде көрсетеді.»;

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. БАБӨ жобасын қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП астанада, облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда, сондай-ақ аудан орталықтарына барып көрсетеді.»;

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«97. Кәсіпкерлерді сервистік қолдау жергілікті жерлерде сұранысқа сәйкес астанадағы, облыс орталықтарындағы және республикалық маңызы бар қалалардағы өңірлік кәсіпкерлер палаталары арқылы, ал онлайн режимде қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.»;

117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«117. «Іскерлік байланыстар» құралы шеңберінде қаржылай емес қолдау шараларын алуға өтінім астанадағы, облыс орталықтарындағы және республикалық маңызы бар қалалардағы өңірлік кәсіпкерлер палаталары, ӨКП филиалдары арқылы ұсынылады.»;

көрсетілген Қағидаларға 10-қосымшада:

бірінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тағылымдама шеңберінде сабақтарды/іс-шараларды өткізіп алған жағдайда болмау және (немесе) келмей қалу себептері туралы жазбаша түсініктемені және келмей қалуға дәлелді себептердің бар-жоғын растайтын құжаттарды ұсына отырып (телефон, электрондық пошта арқылы немесе өзге де тәсілмен), «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасын (бұдан әрі – «Атамекен» ҚР ҰКП) хабардар етуге;»;

көрсетілген Қағидаларға 12-қосымшада:

реттік нөмірі 9-жолда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

71. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және оны жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 705 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және оны жүзеге асыру қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады, ағымдағы айға төленеді және қайтыс болған немесе БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын барлық құжаттың, не шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының, не тұрақты тұрғылықты жерге

шығуға не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат күшінің жойылуына байланысты, не Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына байланысты Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің жарамсыздығы туралы мәлімет алған ай кіретін мерзімге дейін жүзеге асырылады.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен және (немесе) БЖЗҚ-дан алушының қайтыс болғаны, Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын барлық құжаттардың не шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаттың, не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты, не не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға берілген рұқсат күшінің жойылуына, не Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына, не Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуына байланысты жарамсыздығы туралы мәліметтердің алынуы оған БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерін тоқтату үшін негіз болып табылады.».

72. «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 754 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Субсидиялау қағидаларында:

13-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

20-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

31-тармақтың екінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

72-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 1-1-қосымшада:

субсидиялау үшін қаражат аударуға арналған үлгілік шартта:

көрсетілген шартқа 1 және 2-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген Кепілдік беру қорлары шеңберінде кепілдік беру қағидаларында:

5-тармақтың 45) және 46) тармақшаларында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Өңірлік үйлестірушілер астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың даму жоспарларын әзірлеу кезінде осы Кепілдік беру қағидаларының ережелерін ескереді.»;

1-параграфтың тақырыбында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаржы агенттігі және өзге де көздер қаражаты есебінен іске асырылатын бағдарламалар шеңберінде 1-ші кепілдік беру қорының қатысушылары арқылы мемлекеттік қаржылай қолдау алатын кәсіпкерлер де осы Кепілдік беру қағидаларының шарттарына сәйкес келген жағдайда кепілдік беруге қатысушы бола алады.»;

41-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-параграфтың тақырыбында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының қаржы агенттігінің және басқа да көздердің қаражаты есебінен іске асырылатын бағдарламалар шеңберінде кредиторлар арқылы мемлекеттік қаржылай қолдау алатын кәсіпкерлер де осы Кепілдік беру қағидаларының шарттарына сәйкес келген жағдайда кепілдік беруге қатысушы бола алады.»;

48-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік гранттар беру қағидаларында;

13-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

29-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың аккредиттелген өкілдері конкурстық комиссияның отырысына байқаушылар ретінде қатыса алады.»;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік грант беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысуға өтінімге қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инженерлік инфрақұрылым жүргізу қағидаларында:

13-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

15-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«65. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын БИЖ іске асырылу барысы туралы жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындайды және есепті жылдан кейінгі жылғы 10 (он) сәуірден кешіктірмей астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне ұсынады.»;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

73. «Арнаулы дәрежеде қорғауды талап ететін баспа өнімін берушіні айқындау, сондай-ақ одан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 3 қазандағы № 815 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан сатып алынатын, арнаулы дәрежеде қорғауды талап ететін баспа өнімінің тізбесінде:

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаттың бланкісі.».

74. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 826 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия туралы ережеде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. ЖҒТК құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары, мемлекеттік органдардың, Ұлттық ғылым академиясының басшылары, жетекші ғалымдар, әртүрлі білім салаларының сарапшылары, ұлттық басқарушы холдингтердің,

ұлттық даму институттарының, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және республикалық ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатарынан жасақталады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

Ғылым және инновациялық қызмет саласындағы уәкілетті орган ЖҒТК-ның жұмыс органы болып табылады.

4. ЖҒТК қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның құрамында:

реттік нөмірі 27-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты (келісу бойынша)»;

реттік нөмірі 28-жол алып тасталсын.

75. «Деректерді басқару жөніндегі талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қарашадағы № 925 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Деректерді басқару жөніндегі талаптарда: 2-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының заңдарымен уәкілеттік берілген заңды тұлғаларға (бұдан әрі – ұйымдар) қолданылады.»;

3-тармақтың он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«дерек өндеудің цифрлық технологияларын уақтылы ендіру мен жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға, дербес деректерге қолсұғылмаушылық құқықтарын цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, заңсыз жинаудан, өндеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау, банк операциялары, жеке салымдар мен жинақтар, хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, пошта хабарламалары және байланыс құралдары, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарлар құпиясын қорғау арасындағы теңгерімді»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемлекеттік құпияға, қызметтік немесе құпия ақпаратқа жатқызылған деректерді басқару осы талаптарға сәйкес және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«77. Иесіздендірілген деректер сәйкестендірілетін сипаттау объектісі туралы ақпарат ретінде қаралады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ерекшеліктерге сәйкес қорғалады.

Сәйкестендірілетін сипаттау объектісін белгілеу мақсатында деректерді өндеген кезде қолжетімді болған тәсілдер, сипаттау объектісін тікелей немесе

жанама сәйкестендіру үшін үшінші тұлғалардың пайдалану ықтималдығы бар (осы сипаттау объектісіне қатысты жазбаларды алу) технологиялар ескеріледі.».

76. «Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режимдерге бастама жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 8 қарашадағы № 948 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режимдерге бастама жасау қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Эксперименттік режим 3 (үш) жылдан аспауға тиіс және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарды және өздеріне қатысты келісімді заңды өкілдері білдіретін 18 (он сегіз) жасқа толмаған кәмелетке толмағандарды қоспағанда, эксперименттік режимге қатысуға келісім білдірген адамдардың белгілі бір тобына қатысты енгізіледі.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Талдау нәтижесі оң болған кезде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті заң жобасын әзірлейді.».

77. «Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 111 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 15-1-бабына сәйкес әзірленді және әкімшілік актілер мен әкімшілік практиканы қамтитын әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әкімшілік органдар деп орталық атқарушы органдар мен олардың ведомстволары, сондай-ақ астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары түсініледі.».

78. «Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 мамырдағы № 303 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

3.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3.7 қолданыстағы және осы жобаға қатысы бар қолданылатын қандай да бір заңның, нормативтік және басқа да құқықтық бұзушылықтардың бар-жоғы туралы ақпарат;»;

12.1-тармақтың реттік нөмірі 5-жолының 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Жоба қолданыстағы және осы жобаға қатысы бар қандай да бір заңдарды, нормативтік және басқа да құқықтық актілерді бұзбай ма?

»;

жобаның қаржылық моделіне қойылатын талаптардың 1-тармағының 9) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымшада:

1-тармақтың реттік нөмірі 7-жолының 2-бағанында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақта:

3-бағанда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

аббревиатуралардың толық жазылуының тоғызыншы абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада:

1-тармақтың реттік нөмірі 7-жолының 2-бағанында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымшада:

3.1-тармақтың 1) тармақшасындағы «Жауапты таңдау қағидалары» деген жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Егер жоба Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде* көрсетілген жалпы ел үшін маңызы бар жоба анықтамасына сәйкес келсе, «иә» деген жауапты, егер сәйкес келмесе, «жоқ» деген жауапты таңдау қажет.

* Жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға:

- 1) астананың, кемінде екі облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, экономикалық дамуын қамтамасыз ететін объектілер;
- 2) белгілі бір саладағы біртекті жобаларды ел ауқымында бір рет іске асыру арқылы міндеттерді белгіленген мерзімдерде шешуге бағытталған объектілер жатады.

»;

көрсетілген Қағидаларға 9-қосымшада:

1-тармақтың реттік нөмірі 7-жолының 2-бағанында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 12-қосымшада:

1-тармақтың реттік нөмірі 7-жолының 2-бағанында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

12.1-тармақтың 3) тармақшасында «Р/с №» деген жолда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

79. «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 385 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесін бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған астананың облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесі бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесі»;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы:».

80. «Республикалық бюджет комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 7 маусымдағы № 415 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі – Бюджет кодексі), Қазақстан Республикасының заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілері,

сондай-ақ осы Ереже және құзырет Комиссия қызметінің құқықтық негізін құрайды.»;

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) объектілер бөлінісіндегі бюджеттік инвестицияларды, сондай-ақ астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бөлінісінде жоспарлы кезеңге арналған нысаналы даму трансферттерін және кредиттерді қоса алғанда, басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесін айқындау жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.»;

8-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) объектілер бөлінісіндегі бюджеттік инвестицияларды, сондай-ақ астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бөлінісінде жоспарлы кезеңге арналған нысаналы даму трансферттерін және бюджеттік кредиттерді қоса алғанда, республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесі;»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы болған кезде ғана Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізілетін, мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін заң жобалары;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) республикалық бюджеттен астананың бюджетіне, облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне берілетін нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің көлемдері;»;

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы;»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясының құрамында:

«Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісу бойынша)» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының бейіндік комитетінің төрағасы (келісу бойынша)»;

«Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы (келісу бойынша)» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының бейіндік комитетінің төрағасы (келісу бойынша)»;

«Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісу бойынша)» деген жол алып тасталсын;

«Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы (келісу бойынша)» деген жол алып тасталсын.

81. «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 17 маусымдағы № 449 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуы қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуы қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуы қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуы қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 140-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуының тәртібін айқындайды.»;

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бағалы қағаздар – Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының орталық аумағында айналысқа жіберу үшін орталықтың қолданыстағы құқығына сәйкес шығарылатын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) эмитент – Қазақстан Республикасының заңымен айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы.»;

14-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

19-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды ұлттық валютада шығару жолымен Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы»;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды ұлттық валютада шығару жолымен Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз

алуы Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруды мыналардың негізінде жүзеге асырады:

1) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды ұлттық валютада шығару есебінен қаржыландыру болжанатын Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған әрбір жоба бойынша бюджет комиссиясының оң шешімі.

Бюджет комиссиясының шешімінде Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздар шығарудың шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздар шығарудың шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты туралы мәслихат шешімі.

21. Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздар шығару үшін:

1) Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кредиттік рейтингін жаңарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2) «Астана» халықаралық қаржы орталығы белгілеген талаптарға сәйкес қажетті құжаттаманы дайындау негізінде жүзеге асырады.»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Қарыз шартын жасасу арқылы Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз шартын жасасу арқылы қарыз алуы Қазақстан Республикасының экология

заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаларды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сыртқы қарыз тартуы мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне оң экономикалық қорытынды;

2) Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесі;

3) халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз есебінен қаржыландыру болжанатын Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес «жасылға» жатқызылған әрбір жоба бойынша бюджеттік комиссияның оң шешімі.

Бюджет комиссиясының шешімінде Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы қарызының шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты белгіленеді;

4) Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы қарызының шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты туралы мәслихат шешімі.»;

23-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Қазақстан Республикасының заңында айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы қарыз шартын жасасу нысанында қарыз алған кезде жергілікті атқарушы орган дайындықты жүзеге асырады, ол мыналарды қамтиды:».

82. «Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 17 маусымдағы № 456 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 7, 8 және 9-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

83. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 19 маусымдағы № 460 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларында:

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) аудит барысында алынған және жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының заңдарында және шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің келісімінсіз олардың мазмұнын жарияламауға;»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

2-бөлімде:

1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-бөлімнің 1-тармағында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

84. «Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі нарықта шығаратын мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету және өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 473 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі нарықта шығаратын мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету және өтеу қағидаларында:

21-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

28-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

34-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

37-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

43-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

46-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

54-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

59-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

67-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

72-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

81-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

86-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

92-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

97-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

103-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

85. «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышын мониторингтеу және бақылау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 479 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышын мониторингтеу және бақылау қағидаларында:

1, 2 және 3-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

86. «Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 480 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының штат санының лимиті бекітілсін.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері:

1) жұмыс істейтін қызметкерлер үшін заңнамада белгіленген кепілдіктерді қамтамасыз етіп, жергілікті бюджеттердегі қаражат шегінде және осы қаулыға 1-қосымшада белгіленген штат санының лимиттері шегінде әкімдер аппараттары мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың атқарушы органдарының штат кестелерін бекітсін;

2) жұмыс істейтін қызметкерлер үшін заңнамада белгіленген кепілдіктерді қамтамасыз етіп, жергілікті бюджеттердегі қаражат шегінде осы қаулыға 1-қосымшада белгіленген штат санының лимиттері шегінде айқындалған әкімдер аппараттары мен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының және қалалардағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының штат санының лимиттерін осы қаулыға 2-қосымшада

белгіленген штат санының лимиттерін сақтай отырып белгілесін және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

5. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және қалада аудандары бар облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері қаладағы аудандардың әкімдері орынбасарларының шекті санын белгілесін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерінде және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті санында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны».

87. «Мемлекеттік «жасыл» облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету және өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 499 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік «жасыл» облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету және өтеу қағидаларында:

23-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

28-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

88. «Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есептің нысандары мен оны жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 500 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларында:

3-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

9-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

16-тармақтың бесінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

27 және 28-тармақтарда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 24-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу

»;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

«Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу» деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

«

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу

»;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымшада:

«Теңгедегі сома» деген бағанда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада:

«Теңгедегі сома» деген бағанда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті жасау нысандарында:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20 жылдың есепті кезеңіндегі түсімдері мен пайдаланылуы туралы есепте:

«Теңгедегі сома» деген бағанда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

«Инвестициялық кіріс, барлығы: басқару нәтижелері бойынша теңгемен есептелген пайда/залал; қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырма» деген бағанда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20 жылдың есепті кезеңіндегі активтері мен міндеттемелері туралы есепте:

«(мың теңге)» деген жолда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20__ жылдың есепті кезеңіндегі жиынтық кірісі туралы есепте:

«(мың теңге)» деген жолда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20__ жылдың есепті кезеңіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте:

«(мың теңге)» деген жолда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі 20__ жылдың есепті кезеңіндегі өзгерістер туралы есепте:

«(мың теңге)» деген жолда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

89. «Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 505 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті бөлу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауларын және Қазақстан Республикасы Президентінің басқа да бастамаларын іске асыруға байланысты ағымдағы қаржы жылында күтпеген және кейінге қалдырмай қаржыландыруды талап ететін шығындарды қаржыландыруға арналған трансферттер түсімдерін есепке алмағанда, кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет кірістерінің жоспарланатын көлемінің кемінде бір жарым және үш пайызынан аспайтын мөлшерде жоспарлы кезеңнің бірінші жылына арналған республикалық бюджет құрамында қалыптастырылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауларын және ағымдағы қаржы жылында кейінге қалдырмай қаржыландыруды талап ететін күтпеген шығындармен байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің басқа да бастамаларын іске асыру шеңберінде тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға есеп-қисаптары мен негіздемелері бар өтінішхат жібереді.».

90. «Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен берілетін қарыздарды, мемлекеттік кепілдіктерді, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін тіркеу және есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 506 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен берілетін қарыздарды, мемлекеттік кепілдіктерді, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін тіркеу және есепке алу қағидаларында:

5-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы астанасының, облыстарының, республикалық маңызы бар қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) тартатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қарыздары (бұдан әрі – мемлекеттік қарыздар);»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Жергілікті атқарушы органдар өздері тартқан қарыздарды тіркеу үшін осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген құжатты қарыз шартына қол қойылғаннан немесе астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік қазынашылыққа ұсынады.».

91. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін бөлу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 551 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін бөлу және пайдалану қағидаларында:

5-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен бюджет қаражатын бөлу тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен (бұдан әрі – қаулы), сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қаржы жылы аяқталғаннан кейін қолданысын тоқтататын құқықтық актілерімен жүзеге асырылады.»;

үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жиынтық есеп-қисапты астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді және ол орталық атқарушы органның бірінші басшысының орынбасарымен келісіледі;»;

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың төтенше резервтерінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан қирағанының орнына тұрғынжай салуға және (немесе) сатып алуға қаражат бөлінген жағдайда жергілікті атқарушы органдар тұрғынжайы Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған зардап шеккен азаматтардың облыс (астана, республикалық маңызы бар қала), аудан

(облыстық маңызы бар қала) әкімінің осы мәселеге жетекшілік ететін орынбасары қол қойған тізімін ұсынады.»;

15-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындағанда және олардың салдары болған жағдайларда төтенше резервтен бюджет қаражатын бөлу, сондай-ақ жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қарауына осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын негіздемелермен және есеп-қисаптармен бірге астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органының төтенше резервінен бюджет қаражатын бөлу туралы өтінішхат береді және төтенше резервтен бюджет қаражатын бөлу туралы қаулы жобасын ұсынады.»;

26-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін резервтен бюджет қаражатын бөлу үшін астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 қарашадағы № 890 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, оларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың орын алғанын, төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу қажеттілігін негіздейтін материалдарды, материалдық-техникалық, қаржылық және адами ресурстардың тиісті негіздемелерін ұсыну қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12396 болып тіркелген) сәйкес азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға тиісті негіздеуші материалдармен және жиынтық есеп-қисаптармен бірге өтінішхат береді.»;

39-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Сот атқарушылық құжаттары болса, тиісті жергілікті атқарушы органдардың сот шешімдері бойынша міндеттемелерін орындау астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының сот шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға арналған резервтерінен қамтамасыз етіледі.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының резервтерінен сот шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға бюджет қаражатын бөлу туралы тиісті жергілікті атқарушы органның қаулысының жобасын бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган дайындайды.

Бұл ретте астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының резервтерінен сот шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға бюджет қаражатын бөлу туралы қаулы жобасына Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес сот актілерінің және атқарушылық құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.»;

7-тараудың 1-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен астана бюджетінің, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бюджеттік кредиттер беру»;

42 және 43-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Астана бюджетінің, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв астана бюджетінің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала бюджетінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда олардың бюджеттеріне кредит беру үшін республикалық бюджетте кезекті қаржы жылында көзделеді.

Астана бюджетінің, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда оны жабуға кредит беру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бюджет қаражатын бөлген кезде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттарды береді.

43. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі осыған ұқсас мәселелер бойынша бұған дейін қабылдаған қаулыларды және астана бюджетіне, облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне бұған дейін берілген кредиттер туралы деректерге сүйене отырып, астана бюджетінің, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен оны жабуға бюджет қаражатын бөлудің мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Астана бюджетінің, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда оны жабуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен кредит беру үшін бюджет қаражатын бөлген кезде:

1) астана бюджетіне, облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттеріне кредит беру үшін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген сомалардың болуы;

2) бөлінетін бюджет қаражатының астана бюджетінің, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің мәслихат шешімдерімен бекітілген және астана бюджетіне, облыстық бюджетке,

республикалық маңызы бар қалалар бюджеттеріне ағымдағы түсімдермен және белгілі бір есепті кезеңде астана бюджетінің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің тапшылығын қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген шығыстарын қаржыландыруға жіберілуі;

3) жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен бұған дейін берілген кредиттер бойынша берешегінің болмауы;

4) бөлінетін кредит сомасының бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті қаржы жылына белгілеген жергілікті атқарушы орган борышының лимитінен асып кетуіне әкеп соқтырмауы міндетті шарттар болып табылады.»;

45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімінің өтінішхаты бойынша оң қорытынды берілген болса, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган астана бюджетінің, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға кредит беру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бюджет қаражатын бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бюджет қаражатын бөлгенде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында астана бюджетіне, облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттеріне қолма-қол ақша тапшылығын жабуға кредит берудің нақты мерзімі мен кредитті өтеу графигі көрсетіледі.

46. Аудандық (қалалық) бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв аудандық (қалалық) бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда олардың бюджеттеріне кредит беру үшін астана, облыс, республикалық маңызы бар қала бюджетінде көзделеді.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда облыстардың атқарушы органдарының резервінен оны жабуға кредит беру үшін бюджет қаражатын бөлген кезде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті органға осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттарды береді.».

92. «Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 29 шілдедегі № 571 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну қағидаларында:

4-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

14-тармақтың бірінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

32-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мемлекеттік органдардың даму жоспарларының және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау бөлігінде Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасы жүргізетін астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесіне сәйкес мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі операциялық бағалау, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау бөлігінде астананың және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның;»;

36 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Есепті қаржы жылында республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын ағымдағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Құрылтайына, Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасына ұсынады.

37. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Құрылтайында республикалық бюджеттен алынған нысаналы трансферттер және есепті қаржы жылы үшін бюджеттік кредиттер бойынша астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді.»;

көрсетілген Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

93. «Блоктық бюджеттеуді іске асыру (ендіру) қағидаларын және блоктық бюджеттеуге қатысатын мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 8 тамыздағы № 602 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Блоктық бюджеттеуді іске асыру (ендіру) қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Заңдардың қабылдануына байланысты мемлекеттік органдар функцияларының өзгелерге берілуіне немесе оларға жаңа функциялардың жүктелуіне байланысты шығыстарды қаржыландыру бюджетті нақтылау және түзету шеңберінде Бюджет кодексінің нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және пилоттық жобаға қатысатын тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетін ұлғайтады.».

94. «Бірыңғай қазынашылық шоттан уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 8 тамыздағы № 603 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай қазынашылық шоттан уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру қағидаларында:

4-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

7-тармақтың 2) және 3) тармақшаларында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

95. «Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 қыркүйектегі № 710 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесінде:

көрсетілген жүйеге 1-қосымшада:

реттік нөмірі 2.1-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Құрылыс нормалары мен қағидаларының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес:

1) амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері: бекітілген халық саны 1 500 (бір мың бес жүз) адамнан бастап 10 000 (он мың) адамға дейінгі аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде қалаларда құрылатын дәрігерлік амбулатория; бекітілген халық саны 10 000 (он мың) адамнан бастап 30 000 (отыз мың) адамға дейінгі аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде қалаларда құрылатын медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету орталығы; бекітілген халық саны 30 000 (отыз мың) адамнан астам аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде қалаларда құрылатын қалалық емхана (бұдан әрі – ҚЕ), бірақ кемінде бір ҚЕ; алғашқы психикалық денсаулық орталығы психикалық денсаулық орталығының құрылымдық бөлімшесі ретінде, оның ішінде жақын орналасқан, амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін бір немесе бірнеше ұйымның халқына қызмет көрсету үшін құрылады, бекітілген халық саны 60 000 (алпыс мың) адам және одан көп ҚЕ-да орналасады; астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын стоматологиялық емхана; астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы көпбейінді аурухананың немесе қалалық емхананың құрылымдық бөлімшесі ретіндегі консультациялық-диагностикалық орталық (200 000 (екі жүз мың) халыққа шаққанда біреу); жастардың денсаулық орталығы;

2) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

астанада, республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын көпбейінді қалалық аурухана;

астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын көпбейінді қалалық балалар ауруханасы;

астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын психикалық денсаулық орталығы;

астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын фтизиопульмонология орталығы;

көпбейінді ауруханалардың құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылатын тері-венерологиялық, травматологиялық, insultтік, ревматологиялық, офтальмологиялық, кардиологиялық және кардиохирургиялық орталықтар; көпбейінді ауруханалар құрамындағы онкологиялық орталықтарды қоспағанда, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің басым жобаларын іске асыру шеңберінде құрылатын астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын онкологиялық орталық; қалаларда құрылатын инфекциялық аурухана және (немесе) көпбейінді қалалық аурухана жанынан ұйымдастырылатын инфекциялық бөлімше; қалаларда құрылатын перинаталдық орталық, перзентхана және (немесе) көпбейінді қалалық аурухана жанынан ұйымдастырылатын перинаталдық орталық, босандыру бөлімшесі;

3) астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын медициналық жедел жәрдем станциясы;

4) медициналық оңалту ұйымдары – санаторийлік-курорттық ұйымдар, мамандандырылған санаторий, профилакторий, оңалту орталығы немесе медициналық ұйымдар жанынан ұйымдастырылатын оңалту бөлімшесі (төсектері);

5) паллиативтік көмек және мейіргер күтімін көрсететін ұйымдар – хоспис, мейіргер күтімі ауруханасы және (немесе) денсаулық сақтау ұйымдарының жанынан ұйымдастырылатын бөлімше, төсектер;

6) қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық денсаулық сақтау ұйымдары болмаса, қан қызметі саласында қызметін жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылады;

7) астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын, патологиялық анатомия (цитопатология) саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

8) астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын АИТВ инфекциясы профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

9) астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын, туғаннан бастап үш жасқа толмаған жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан бастап төрт жасқа толмаған психикалық және физикалық дамуында ауытқуы бар балаларға арналған,

баладан бас тарту ықтималдығы бар отбасылармен психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

10) астанада және республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын денсаулық сақтау саласындағы техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;

11) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық денсаулық сақтау ұйымдары:

астанада құрылатын, қалаларда құрылымдық бөлімшелері бар Ұлттық сараптама орталығы;

республикалық маңызы бар қалаларда құрылатын ғылыми ұйымдар; инфекциялық аурулардың табиғи ошақтарында құрылатын обаға қарсы станциялар

»;

реттік нөмірі 4.1-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

«Мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін және астананың, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 30 қазанда № 12224 болып тіркелген)

»;

көрсетілген жүйеге 2-қосымшада:

реттік нөмірі 4.1-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

«Мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін және астананың, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 30 қазанда № 12224 болып тіркелген)

»;

көрсетілген жүйеге 3-қосымшада:

реттік нөмірі 4.1-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

«Мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін және астананың, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы

№ 121 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 30 қазанда № 12224 болып тіркелген)

».

96. «Құқық қорғау органдары мен азаматтық қорғау органдарының тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымдар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі № 789 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген құқық қорғау органдары мен азаматтық қорғау органдарының тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымдар тізбесінде:

17-тармақта:

алтыншы бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, көліктегі полиция департаменттері:»;

он жетінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың қылмыстық-атқару жүйесі департаменттері:».

97. «Биржада бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүзеге асыру өлшемшарттарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 қазандағы № 818 қаулысында:

көрсетілген қаулымен айқындалған Биржада бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүзеге асыру өлшемшарттарында:

1-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

98. «Негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзара байланысты тараптар пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге қарсы провизия (резерв) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар заңды тұлғалардың тізбесін, оны қалыптастыру қағидаларын және Провизия (резерв) құру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 11 қарашадағы № 954 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Провизия (резерв) құру қағидаларында:

110-тармақтың жетінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

99. «Уәкілетті мемлекеттік органдардың салық саясаты саласындағы уәкілетті органға жетекшілік ететін салалар бойынша салықтық жеңілдік беру (ұзарту) қажеттігінің негіздемесін жіберу қағидаларын, салықтық жеңілдіктерді қолданудың әлеуметтік-экономикалық мақсаттарына қол жеткізу өлшемшарттары мен оларды белгілеу тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 993 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Уәкілетті мемлекеттік органдардың салық саясаты саласындағы уәкілетті органға жетекшілік ететін салалар бойынша салықтық жеңілдік беру (ұзарту) қажеттігінің негіздемесін жіберу қағидаларында:

8-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

100. «Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 қарашадағы № 1024 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу қағидалары және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібінде:

4-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының заңдарда міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың алдыңғы қаржы жылындағы аудиторлық есебі (егер өтініш ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін берілсе, онда алдыңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылының аудиторлық есебі ұсынылады);».

101. «Бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 5 желтоқсандағы № 1049 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелерінде:

«1 тоннаға арналған акциздер мөлшерлемелері (теңгемен)» деген бағанда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1, 2, 3 және 4-тармақтарда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

102. «Іскер аймақ» шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 1176 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларында:

7-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

9-тармақтың төртінші бөлігінің үшінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

11-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

18-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

44-тармақтың 7) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне инфрақұрылымдық қолдау көрсету қағидаларында:

31-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Инфрақұрылымның берілуі бойынша жылдық мониторингіні мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындайды және жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 10 (оныншы) сәуірден кешіктірмей астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне береді.»;

көрсетілген Қағидаларға қосымшаның 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. _____ облысында (астанада, республикалық маңызы бар қалада) _____.

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)).».

103. «Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1199 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру қағидаларының 5-тармақтың 3) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

104. «Инвесторлар тарту мәселелері жөнінде кеңес (инвестициялық штаб) құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 64-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Инвестициялар тарту кеңесі (инвестициялық штаб) туралы ережеде:

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;».

105. «Өнеркәсіптік саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 89-ө өкімінде:

көрсетілген өкімімен бекітілген Өнеркәсіптік саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты, Қазақстан Республикасының Құрылтайы бейіндік комитетінің мүшесі (келісу бойынша)»;

реттік нөмірі 5-жол алып тасталсын.

106. «Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңесті құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 139-ө өкімінде:

көрсетілген өкімімен бекітілген Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің құрамында:

«Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары (келісу бойынша)» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары (келісу бойынша)»;

107. «Ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту жөніндегі кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 142-ө өкімінде:

көрсетілген өкімімен бекітілген Ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту жөніндегі кеңестің құрамында:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының Құрылтайының депутаты.».
